В основу отбора ключевых ботанических территорий рекомендуется положить национальные перечни угрожаемых, эндемичных, субэндемичных и социально значимых таксонов. Перспективным направлением является использование флаговых (харизматичных) видов в природоохранной коммуникации. К таким видам могут относиться *Incarvillea semiretschenskia*, угрожаемые виды тюльпанов, *Spiraeanthus schrenkianus* и другие таксоны, способные повысить общественную и институциональную поддержку сохранения растительного покрова. Таксономическая сверка должна осуществляться с опорой на международные базы данных POWO, IPNI и WCVP, а актуализация сведений о распространении видов – через анализ данных GBIF, iNaturalist и гербарных коллекций.

3. Полевые исследования и картографирование.

Важным направлением является проведение целевых полевых обследований и ревизия исторических местонахождений в недостаточно изученных районах. Собранные материалы целесообразно интегрировать с проверенными наблюдениями гражданской науки и представлять в унифицированном формате, совместимом с ГИС, с фиксацией границ участков (*.kml/kmz, *.shp), высотных диапазонов, ключевых местообитаний и источников данных.

4. Унифицированный шаблон и национальная база данных.

Рекомендуется широкое внедрение стандартизированного бланка описания (шаблона) КБТ, включающего структурированные блоки о типах местообитаний (IUCN Habitats v3.1), угрозах (IUCN–CMP Threats v3.2), формах землепользования, экосистемных услугах и мерах управления. На этой основе может быть сформирована единая национальная база данных по КБТ, обеспечивающая сопоставимость описаний, обновление сведений и последующую интеграцию с инструментами природоохранного планирования.

5. Интеграция в систему охраны природы.

Ключевые ботанические территории следует интегрировать в существующую сеть особо охраняемых природных территорий и систему пространственного природоохранного планирования. Это включает подготовку предложений по дополнительному зонированию существующих и созданию новых ООПТ и ОЕСМ, использование данных КБТ при территориальном планировании и оценке воздействия на окружающую среду, а также учет этих территорий при разработке мер адаптации к изменению климата.

Заключение

Проведенное исследование показало, что адаптированные к условиям Казахстана критерии выделения КБТ могут эффективно использоваться для обоснования участков высокой ботанической и природоохранной значимости. Они обеспечивают объективность и прозрачность аргументации при выборе ценных природных территорий для дальнейшей охраны. На примере Шу-Илейских гор продемонстрирована возможность применения критериев КБТ как инструмента пространственного природоохранного планирования, в том числе с учетом потенциального сопряжения с подходом КРБ.

КБТ «Ландшафты Шу-Илейских гор» площадью около 38,7 тыс. га охватывает основную часть известной мировой популяции палеоэндемика *Incarvillea semiretschenskia* (IUCN EN), локальные популяции *Tulipa regelii* (IUCN EN), а также местообитания других эндемичных, субэндемичных, редких и угрожаемых видов растений. Это позволяет обосновать применение подкритериев А1, А3 и А4. Ксеропетрофитные опустыненные степи и связанные с ними сообщества, включающие виды природоохран-

ного, ресурсного, социального и культурного значения, соответствуют подкритериям В2 и В3. Наличие редких и уязвимых растительных сообществ национального уровня, включенных в «Зеленую книгу Алматинской области», позволяет рассматривать КБТ соответствующей подкритерию С3.

Границы и пространственная структура КБТ были обоснованы путем совмещения полевых данных, гербарных материалов, литературных источников и данных гражданской науки, включая GBIF и iNaturalist. Важными элементами методологии стали таксономическая сверка по международным базам POWO, WCVP и IPNI, а также ГИС-оконтуривание с учетом точек находок приоритетных видов, природных рубежей и структуры ключевых местообитаний. Это позволило рассматривать КБТ не как сумму локалитетов редких видов, а как целостный территориальный комплекс, обеспечивающий сохранение популяций, местообитаний и экологической связности между ними.

Несмотря на расположение территории в пределах Жусандалинской государственной заповедной зоны и частичное пересечение с Государственным историко-культурным и природным музеем-заповедником «Тамгалы», существующий режим охраны не обеспечивает достаточной защиты приоритетных видов растений и их местообитаний.

Основные угрозы связаны с перевыпасом, горными разработками и развитием дорожной и энергетической инфраструктуры. Факт утраты части местообитаний *Incarvillea semiretschenskia* в результате карьерных разработок свидетельствует о том, что данные угрозы имеют не только потенциальный, но и непосредственный характер. В связи с этим необходимы регулирование пастбищной нагрузки, строгий контроль недропользования, регулярный мониторинг популяций приоритетных видов и специальные меры по сохранению редких ксеропетрофитных сообществ.

Расположение КБТ в пределах уже существующих природоохранных и историко-культурных территорий создает предпосылки для интеграции предлагаемых мер охраны в действующие режимы территориального управления. Перспективными направлениями являются охрана КБТ в границах ЖГЗЗ, признание участка ОЕСМ и/или отдельного ООПТ, расширение сотрудничества с музеем-заповедником «Тамгалы». В дальнейшем материалы исследования

могут быть использованы для подготовки обоснования КРБ.

Полученные результаты важны не только для сохранения растительного покрова Шу-Илейских гор, но и для развития национальной сети КБТ в Казахстане. Дальнейшее применение предлагаемого подхода позволит повысить сопоставимость оценок и их практическую применимость. В целом КБТ «Ландшафты Шу-Илейских гор» может рассматриваться как репрезентативный кейс для масштабирования подхода КБТ в других регионах Казахстана, особенно в аридных горных, степных и пустынных ландшафтах.

Вклад соавторов в исследование и подготовку публикации

Концептуализация и методология – АД, ВЭ, ЛД, полевые исследования и сбор данных – АД, ВЭ, ЛД, АК, таксономическая сверка и флористический анализ – ВЭ, картографирование и пространственный анализ – АД, анализ экосистемных услуг и угроз – АД, написание текста – АД, редактирование и корректура – АД, ВЭ, ЛД, визуализация и подготовка материалов – АД, ВЭ, административная и организационная поддержка – АД, ЛД.

Благодарности

Мы искренне благодарны Иану Дарбиширу за полезные советы и информационные материалы, Г.А. Лазькову, И.Ю. Селютиной, Бретту Уилсону за рекомендации по улучшению статьи и ценные замечания, А.Е. Рогожинскому за консультацию по вопросам исторического наследия, Г.Ю. Дякину за предоставленные важные сведения о птицах, Павлу Аджигильдяеву и фонду «Крылья» за помощь в публикации чек-листа в GBIF. Наша отдельная признательность BGCI за финансовую поддержку полевых экспедиций 2024 г. и GGF за возможность организации пресс-тура и дополнительных выездов в 2025 г.

Финансирование

Исследование выполнено в рамках реализации задач ПЦФ Министерства науки и высшего образования РК по теме BR21882199 «Кадастр диких животных аридных территорий Балхаш-Алакольского бассейна с оценкой угроз для их сохранения и устойчивого использования» (2023–2025 гг.) и в части разработки и апробации методологии КБТ при поддержке НТП BR23591088 Министерства экологии и природных ресурсов РК «Создание Кадастра растений

Улытауской области как реализация задач Закона РК „О растительном мире“ для устойчивого использования ботанических ресурсов региона».

Конфликт интересов

Авторы заявляют об отсутствии конфликта интересов.

Литература

- Adams, V. M., Mills, M., Weeks, R., Segan, D. B., Pressey, R. L., Gurney, G. G., Groves, C., Davis, F. W., & Álvarez-Romero, J. G. (2019). Implementation strategies for systematic conservation planning. *Ambio*, 48(2), 139–152. <https://doi.org/10.1007/s13280-018-1067-2>
- Akbar, I., Yang, Z., Mazbayev, O., & Kenesbekkyzy, B. (2020). Tourism and ecological protection status of the Aksu-Zhabagly World Heritage Site of Kazakhstan. *Journal of Geography and Environmental Management*, 58(3), 24–33. <https://doi.org/10.26577/JGEM.2020.v58.i3.03>
- Akbar, I., Myrzaliyeva, Z. K., Tazhekova, A. Z., Arystanova, K. O., & Saulembaev, A. T. (2022). The proposition of a community nature-based tourism development pattern for the Aksu-Zhabagly World Heritage Site. *Journal of Geography and Environmental Management*, 66(3), 66–76. <https://doi.org/10.26577/JGEM.2022.v66.i3.06>
- Anderson, S. (2002). Identifying Important Plant Areas. *Plantlife International*.
- Artemov, I. A., Korolyuk, A. Yu., Lashchinsky, N. N., & Smelyansky, I. E. (2007). Kriterii vydeleniia kliuchevykh botanicheskikh territorii v Altae-Saianskom ekoregione: Metodicheskoe posobie [Criteria for identifying Important Plant Areas in the Altai–Sayan ecoregion: A methodological guide]. *Sibirskii ekologicheskii tsentr*. (In Russian)
- Artemov, I. A., Lashchinsky, N. N., Korolyuk, A. Yu., & Smelyansky, I. E. (2009). Kliuchevye botanicheskie territorii Altae-Saianskogo ekoregiona: Opyt vydeleniia [Important Plant Areas of the Altai–Sayan ecoregion: Experience of identification] (I. E. Smelyansky & G. A. Pronkina, Eds.). Novosibirsk. (In Russian)
- Daru, B. H., Farooq, H., Antonelli, A., & Faurby, S. (2020). Endemism patterns are scale dependent. *Nature Communications*, 11, Article 2115. <https://doi.org/10.1038/s41467-020-15921-6>
- Darbyshire, I., Anderson, S., Asatryan, A., et al. (2017). Important Plant Areas: Revised selection criteria for a global approach to plant conservation. *Biodiversity and Conservation*, 26, 1767–1800.
- Dimeyeva, L. A., Kudabayeva, G. M., & Veselova, P. V. (2013). Rol' kliuchevykh botanicheskikh territorii v realizatsii strategii sokhraneniia bioraznobraziia Kazakhstana [The role of Important Plant Areas in implementing Kazakhstan's biodiversity conservation strategy]. In *Trudy XIII s'ezda RBO* [Proceedings of the 13th Congress of the Russian Botanical Society] (Vol. 3, pp. 17–18). (In Russian)
- Dimeyeva, L. A., Sultanova, B. M., & Alimbetova, Z. Zh. (2014). Del'ta Syrdar'i – kliuchevaia botanicheskaia territoria Aral'skogo regiona [The Syr Darya Delta as an Important Plant Area of the Aral region]. In *Materialy mezhdunarodnoi nauchno-prakticheskoi konferentsii* [Proceedings of the international scientific-practical conference] (pp. 9–17). Aral'sk. (In Russian)
- Dimeyeva, L., & Vesselova, P. (2014). Identification of Important Plant Areas in Kazakhstan. In *Proceedings of the 7th PLANTA EUROPA Conference* (pp. 54–58). Crete, Greece.
- Dimeyeva, L., Permitina, V., Kurmantayeva, A., Imanalynova, A., Osmonali, B., Kozybayeva, F., Beiseyeva, G., Ussen, K., Iskakov, R., Oyuntsetseg, B., & Friesen, N. (2024). Habitats, plant diversity, and molecular phylogeny of endemic relic species *Incarvillea semiretschenskia* (Bignoniaceae). *Plants*, 13(23), Article 3299. <https://doi.org/10.3390/plants13233299>
- Dubynin, A. V. (2023). Petrofitnye kustarnikovye soobshchestva s uchastiem *Tulipa regelii* Krasn. i ikh okhrana [Petrophytic shrub communities with *Tulipa regelii* Krasn. and their conservation]. In *Botanika i botaniki v meniaiushchemsya mire: Materialy mezhdunarodnoi konferentsii* [Botany and botanists in a changing world: Proceedings of the international conference] (pp. 71–76). Tomsk. <https://doi.org/10.17223/978-5-7511-2661-2/16> (In Russian)
- Dubynin, A. V., & Dimeyeva, L. A. (2025). Kliuchevye botanicheskie territorii Kazakhstana: Adaptatsiia kriteriev vydeleniia [Important Plant Areas of Kazakhstan: Adaptation of selection criteria]. In *Aktual'nye voprosy sokhraneniia biologicheskogo raznobraziia i ratsional'nogo prirodopol'zovaniia. Introduktsiia rastenii: Materialy mezhdunarodnoi konferentsii* (Ridder, Kazakhstan, 18–20 iyunia 2025 g.) [Topical issues of biodiversity conservation and sustainable nature management. Plant introduction: Proceedings of the international conference (Ridder, Kazakhstan, June 18–20, 2025)] (pp. 277–292). (In Russian)
- Dubynin, A. V., & Epiktetov, V. G. (2024a). Otsenka ugrozy ischeznoveniia kazakhstanskogo paleoendemika *Incarvillea semiretschenskia* i mery po ego okhrane [Assessing extinction risk of the Kazakh paleoendemic *Incarvillea semiretschenskia* and measures for its conservation]. *Problemy botaniki Iuzhnoi Sibiri i Mongolii*, 23(2), 76–85. <https://doi.org/10.14258/pbssm.2024067> (In Russian)
- Dubynin, A. V., & Epiktetov, V. (2024b). *Incarvillea semiretschenskia*. *The IUCN Red List of Threatened Species*, 2024, e.T257422099A265145821. <https://dx.doi.org/10.2305/IUCN.UK.2024-2.RLTS.T257422099A265145821.en>
- Dubynin, A. V., & Epiktetov, V. G. (2025). What the case of the Kazakh endemic *Incarvillea semiretschenskia* has taught us. In Y. Turuspekov & S. Abugaliyeva (Eds.), *Proceedings of the 3rd International Symposium on the Frontiers of Plant Diversity Conservation Research on the Pan-Third Pole Region (PDCR 2025)*, August 26–29, 2025, Almaty, Kazakhstan (p. 23). https://genes.kz/pdcr2025/files/AbstractBook_PDRCR2025.pdf
- Dubynin, A., Epiktetov, V., Dimeyeva, L., & Kurmantayeva, A. (2025). Checklist of vascular plants of the Important Plant Area “Chu-Ili Landscapes” (IPA-KZ-IS) (Version 1.4) [Data set]. *Wings – Animal and Plant Conservation and Protection Fund*. <https://doi.org/10.15468/52cgh2>

- Goloskokov, V. P. (Ed.). (1969). *Illustrirovannyi opredelitel' rastenii Kazakhstana* [Illustrated guide to plants of Kazakhstan] (Vol. 1). Nauka. (In Russian)
- Goloskokov, V. P. (Ed.). (1972). *Illustrirovannyi opredelitel' rastenii Kazakhstana* [Illustrated guide to plants of Kazakhstan] (Vol. 2). Nauka. (In Russian)
- iNaturalist. (2025). Observations dataset [Data set]. Retrieved October 3, 2025, from https://www.inaturalist.org/attachments/flow_task_outputs/10283591/observations-623966.csv.zip?1759498967
- International Union for Conservation of Nature. (2012). Habitats classification scheme (Version 3.1). IUCN.
- International Union for Conservation of Nature. (2016). A global standard for the identification of Key Biodiversity Areas (Version 1.0). IUCN. <https://www.iucn.org/resources/conservation-tool/key-biodiversity-areas>
- International Union for Conservation of Nature. (2020). Threats classification scheme (Version 3.2). IUCN.
- International Union for Conservation of Nature. (2022). Guidelines for using a global standard for the identification of Key Biodiversity Areas (Version 1.2). IUCN. <https://www.keybiodiversityareas.org/working-with-kbas/publications>
- Khramtsov, V. N. (1983). *Rastitel'nost' Chu-Iliiskikh gor (geografiia i kartografiia)* [Vegetation of the Chu-Ili Mountains (geography and cartography)] (Candidate of Biological Sciences dissertation). Leningrad. (In Russian)
- Kor, L., Perez, F., Inwood, K., Darbyshire, I., & Diazgranados, M. (2025). An evaluation of important plant areas around the world. *Conservation Biology*, 39, e70013. <https://doi.org/10.1111/cobi.70013>
- Kubentayev, S. A., Alibekov, D. T., Perezhogin, Y. V., Lazkov, G. A., Kupriyanov, A. N., Ebel, A. L., Izbastina, K. S., Borodulina, O. V., & Kubentayeva, B. B. (2024). Revised checklist of endemic vascular plants of Kazakhstan. *PhytoKeys*, 238, 241–279. <https://doi.org/10.3897/phytokeys.238.114475>
- Kudabayeva, G., Vesselova, P. V., Danilov, M. P., & Sultanova, B. M. (2015). Important Plant Areas of the Peri-North Tien Shan subprovince as perspective protection areas of phytobiodiversity. *American Journal of Environmental Protection*, 4, 123–129. <https://doi.org/10.11648/j.ajep.s.2015040301.29>
- Kudabayeva, G. M., Sitpayeva, G. T., Vesselova, P. V., et al. (2014). Gory Ul'ken Buryltau – potentsial'nyi ob'ekt sokhraneniia botanicheskogo raznoobraziia [Ulken Buryltau Mountains as a potential site for botanical diversity conservation]. In *Sovremennye tendentsii v izuchenii flory Kazakhstana* [Current trends in studying the flora of Kazakhstan] (pp. 82–88). Almaty. (In Russian)
- Millennium Ecosystem Assessment. (2005). *Ecosystems and human well-being: Synthesis*. Island Press.
- Pavlov, N. V. (Ed.). (1956). *Flora Kazakhstana: V 9 t.* [Flora of Kazakhstan: In 9 volumes] (Vol. 1). Izd-vo AN KazSSR. (In Russian)
- Pavlov, N. V. (Ed.). (1958). *Flora Kazakhstana: V 9 t.* [Flora of Kazakhstan: In 9 volumes] (Vol. 2). Izd-vo AN KazSSR. (In Russian)
- Pavlov, N. V. (Ed.). (1960). *Flora Kazakhstana: V 9 t.* [Flora of Kazakhstan: In 9 volumes] (Vol. 3). Izd-vo AN KazSSR. (In Russian)
- Pavlov, N. V. (Ed.). (1961a). *Flora Kazakhstana: V 9 t.* [Flora of Kazakhstan: In 9 volumes] (Vol. 4). Izd-vo AN KazSSR. (In Russian)
- Pavlov, N. V. (Ed.). (1961b). *Flora Kazakhstana: V 9 t.* [Flora of Kazakhstan: In 9 volumes] (Vol. 5). Izd-vo AN KazSSR. (In Russian)
- Pavlov, N. V. (Ed.). (1963). *Flora Kazakhstana: V 9 t.* [Flora of Kazakhstan: In 9 volumes] (Vol. 6). Izd-vo AN KazSSR. (In Russian)
- Pavlov, N. V. (Ed.). (1964). *Flora Kazakhstana: V 9 t.* [Flora of Kazakhstan: In 9 volumes] (Vol. 7). Izd-vo AN KazSSR. (In Russian)
- Pavlov, N. V. (Ed.). (1965). *Flora Kazakhstana: V 9 t.* [Flora of Kazakhstan: In 9 volumes] (Vol. 8). Nauka. (In Russian)
- Pavlov, N. V. (Ed.). (1966). *Flora Kazakhstana: V 9 t.* [Flora of Kazakhstan: In 9 volumes] (Vol. 9). Nauka. (In Russian)
- Plantlife. (2018). *Identifying and conserving Important Plant Areas (IPAs) around the world: A guide for botanists, conservationists, site managers, community groups and policy makers*. Plantlife International.
- Plantlife International. (2004). *Important Plant Areas: Target 5 of the Global Strategy for Plant Conservation*. Plantlife International.
- Plants of the World Online. (n.d.). *Phlomooides dshungarica* (Popov) Lazkov & Sennikov. Royal Botanic Gardens, Kew. Retrieved September 26, 2025, from <https://powo.science.kew.org/taxon/urn:lsid:ipni.org:names:77136142-1>
- Rachkovskaya, E. I., Volkova, E. A., & Khramtsov, V. N. (Eds.). (2003). *Botanicheskaya geografiya Kazakhstana i Srednei Azii (v predelakh pustynnoi oblasti)* [Botanical geography of Kazakhstan and Central Asia within the desert region]. V. L. Komarov Botanical Institute of the Russian Academy of Sciences. (In Russian)
- Radford, E. A., Odé, B., de Montmollin, B., & Caviezel, L. (2011). *Important Plant Areas in Central and Eastern Europe: Priority sites for conservation*. Plantlife International.
- Radford, E., & Odé, B. (2013). Important Plant Areas in Central and Eastern Europe: A conservation strategy. *Journal of Environmental Management*, 117, 52–61. <https://doi.org/10.1016/j.jenvman.2012.12.027>
- Roldugin, I. I., & Fisyun, V. V. (2018). *Flora Chu-Iliiskikh gor (konspekt i analiz)* [Flora of the Chu-Ili Mountains (checklist and analysis)]. Areket-Print. (In Russian)
- Sultanova, B. M., Permitina, V. N., & Kurmantayeva, A. A. (2014). Klyuchevye botanicheskie territorii predgornoi ravniny Syrdar'inskogo Karatau [Important Plant Areas of the foothill plain of the Syr Darya Karatau]. In *Materialy mezhdunarodnoi nauchno-prakticheskoi konferentsii* [Proceedings of the international scientific-practical conference] (pp. 46–50). Kostanai. (In Russian)

UNEP-WCMC. (2023). World Database on Protected Areas (WDPA) [Data set]. Protected Planet. Retrieved October 3, 2025, from <https://www.protectedplanet.net>

Zelenaia kniga Almatinskoi oblasti: Redkie i nuzhdaiushchiesia v okhrane rastitel'nye soobshchestva [Green Book of Almaty Region: Rare plant communities in need of protection]. (2023). L. A. Dimeyeva, V. N. Permitina, A. A. Kurmantayeva, K. Ussen, A. V. Kerdyashkin, A. F. Islamgulova, A. A. Imanalinova, S. A. Govorukhina, A. V. Dubynin, V. V. Lysenko, & B. Sh. Kaliev. Almaty. (In Russian)

Сведения об авторах:

Дубынин Александр Владимирович (корреспондентный автор) – научный сотрудник лаборатории геоботаники Института ботаники и фитоинтродукции (Алматы, Казахстан, e-mail: adubynin@botsad.kz; ORCID ID: 0000-0003-3086-7839).

Эпиктетов Владимир Геннадьевич – старший научный сотрудник лаборатории дендрологии Института ботаники и фитоинтродукции (Алматы, Казахстан, e-mail: v.epiktetov@gmail.com; ORCID ID: 0009-0007-6507-0148).

Димеева Лилия Аминовна – доктор биологических наук, профессор, зав. лабораторией геоботаники Института ботаники и фитоинтродукции (Алматы, Казахстан, e-mail: l.dimeyeva@mail.ru; ORCID ID: 0000-0002-9101-0460).

Курмантаева Альфия Араловна – кандидат биологических наук, ведущий научный сотрудник лаборатории геоботаники Института ботаники и фитоинтродукции (Алматы, Казахстан, e-mail: kurmanalfia@mail.ru; ORCID ID: 0000-0003-1492-0871).

Information about the authors:

Alexander V. Dubynin (corresponding author) – Researcher, Laboratory of Geobotany, Institute of Botany and Phytointroduction (Almaty, Kazakhstan, e-mail: adubynin@botsad.kz; ORCID ID: 0000-0003-3086-7839).

Vladimir G. Epiktetov – Senior Researcher, Laboratory of Dendrology, Institute of Botany and Phytointroduction (Almaty, Kazakhstan, e-mail: v.epiktetov@gmail.com; ORCID ID: 0009-0007-6507-0148).

Liliya A. Dimeyeva – Doctor of Biological Sciences, Professor, Head of the Laboratory of Geobotany, Institute of Botany and Phytointroduction (Almaty, Kazakhstan, e-mail: l.dimeyeva@mail.ru; ORCID ID: 0000-0002-9101-0460).

Alfiya A. Kurmantayeva – Candidate of Biological Sciences, Leading Researcher, Laboratory of Geobotany, Institute of Botany and Phytointroduction (Almaty, Kazakhstan, e-mail: kurmanalfia@mail.ru; ORCID ID: 0000-0003-1492-0871).

Авторлар туралы мәлімет:

Дубынин Александр Владимирович (хат-хабарға жауапты автор) – Геоботаника зертханасының ғылыми қызметкері, Ботаника және фитоинтродукция институты (Алматы, Қазақстан, e-mail: adubynin@botsad.kz; ORCID ID: 0000-0003-3086-7839).

Эпиктетов Владимир Геннадьевич – Дендрология зертханасының аға ғылыми қызметкері, Ботаника және фитоинтродукция институты (Алматы, Қазақстан, e-mail: v.epiktetov@gmail.com; ORCID ID: 0009-0007-6507-0148).

Димеева Лилия Аминовна – биология ғылымдарының докторы, профессор, Геоботаника зертханасының меңгерушісі, Ботаника және фитоинтродукция институты (Алматы, Қазақстан, e-mail: l.dimeyeva@mail.ru; ORCID ID: 0000-0002-9101-0460).

Курмантаева Альфия Араловна – биология ғылымдарының кандидаты, Геоботаника зертханасының жетекшісі, Ботаника және фитоинтродукция институты (Алматы, Қазақстан, e-mail: kurmanalfia@mail.ru; ORCID ID: 0000-0003-1492-0871).

Поступила: 15 декабря 2025 года

Принята: 10 мая 2026 года

Ш.У. Лайсханов^{1,2} , Д.И. Қазақбай^{2*} , Д.Д. Чингисов³ 

¹Халықаралық білім беру корпорациясы, Алматы, Қазақстан

²Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан

³«Мемсараптама» РМК, Астана, Қазақстан

*e-mail: kazakbajdilnaz@gmail.com

ҚАЛАЛЫҚ КЕҢІСТІКТІ ҰЙЫМДАСТЫРУ: ӘДІСТЕМЕЛІК НЕГІЗДЕРІ ЖӘНЕ ГЕОГРАФИЯЛЫҚ АСПЕКТІЛЕРІ

Қалалық кеңістікті ұйымдастыру урбанизация үдерістерінің күшеюі жағдайында тұрақты қалалық дамуды қамтамасыз етудің маңызды ғылыми және практикалық бағытына айналып отыр. Дегенмен қалалық кеңістікті ұйымдастыру мәселелері көбіне жоспарлау немесе экономикалық тұрғыдан қарастырылып, оның географиялық-әдіснамалық негіздері жеткілікті деңгейде жүйеленбеген. Осыған байланысты зерттеудің мақсаты – қалалық кеңістікті ұйымдастырудың әдістемелік негіздері мен географиялық аспектілерін талдау арқылы тұрақты қалалық дамудың негізгі бағыттарын анықтау.

Зерттеу кейс-зерттеу (case study) тәсіліне негізделіп, Қазақстандағы «Smart City» қағидаттарына бағытталған жаңа урбанистикалық жоба – Алатау қаласының мысалында жүргізілді. Зерттеу барысында жүйелі талдау, салыстырмалы-географиялық әдіс, құрылымдық-логикалық талдау, картографиялық талдау және үлгілеу әдістері қолданылды. Шетелдік және кеңестік ғылыми мектептердің урбанистикалық тұжырымдамалары тұрақты дамудың әлеуметтік, экономикалық және экологиялық компоненттері бойынша салыстырмалы түрде талданды.

Зерттеу нәтижесінде қалалық кеңістіктің ұйымдастырылуы көпдеңгейлі әлеуметтік-кеңістіктік жүйе ретінде қалыптасатыны және оның тиімді дамуы аумақтық құрылымның теңгерімділігіне, инфрақұрылымның үйлесімді орналасуына және кеңістіктік әділеттілік қағидаттарына тәуелді екені анықталды. Алатау қаласының кеңістіктік даму моделі «Smart City» тұжырымдамасының тұрақты даму компоненттерімен интеграциялануының қолданбалы үлгісі ретінде қарастырылды. Зерттеудің ғылыми жаңалығы – қалалық кеңістікті ұйымдастырудың географиялық тәсілдерін урбанистикалық теориялар мен цифрлық қалалық даму тұжырымдамаларын біріктіру арқылы жүйелеуде. Алынған нәтижелер қалалық жоспарлау, кеңістіктік саясат және заманауи урбанистикалық басқару модельдерін жетілдіруге әдіснамалық негіз бола алады.

Түйін сөздер: қала, қалалық кеңістік, аумақтық ұйымдастыру, жайлы қала ортасы, «ақылды қала» тұжырымдамасы.

S.U. Laiskhanov^{1,2}, D.I. Kazakbay^{2*}, D.D. Chingissov³

¹International educational Corporation, Almaty, Kazakhstan

²Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan

³RSE «Gosexpertiza», Astana, Kazakhstan

*e-mail: kazakbajdilnaz@gmail.com

Organization of urban space: methodological foundations and geographical aspects

The organization of urban space has become an important scientific and practical direction for ensuring sustainable urban development under the intensification of urbanization processes. However, urban spatial organization is often examined primarily from planning or economic perspectives, while its geographical and methodological foundations remain insufficiently systematized. Therefore, the aim of this study is to identify the main directions of sustainable urban development through the analysis of methodological foundations and geographical aspects of urban space organization.

The study is based on a case study approach using Alatau City – a new urban development project in Kazakhstan oriented toward Smart City principles – as the research object. The research employed system analysis, comparative geographical methods, structural-logical analysis, cartographic analysis, and modelling techniques. Urban concepts developed within foreign and Soviet scientific schools were comparatively analysed according to the social, economic, and environmental components of sustainable development.

The results demonstrate that urban spatial organization functions as a multi-level socio-spatial system whose effective development depends on balanced territorial structure, coordinated infrastructure distribution, and principles of spatial justice. The spatial development model of Alatau City is considered as an applied example of integrating the Smart City concept with sustainable development components. The scientific novelty of the study lies in the systematization of geographical approaches to urban spatial organization through the integration of urban theories and digital urban development concepts. The obtained results may serve as a methodological basis for improving urban planning, spatial policy, and contemporary models of urban governance.

Keywords: city, urban space, territorial organization, comfortable urban environment, smart city concept.

Ш.У. Лайсханов^{1,2}, Д.И. Қазақбай^{2*}, Д.Д. Чингисов³

¹Международная образовательная корпорация, Алматы, Казахстан

²Казахский национальный педагогический университет имени Абая, Алматы, Казахстан

³РГП «Госэкспертиза», Астана, Казахстан

*e-mail: kazakbajdilnaz@gmail.com

Организация городского пространства: методологические основы и географические аспекты

Организация городского пространства в условиях усиления процессов урбанизации становится важным научным и практическим направлением обеспечения устойчивого городского развития. Однако вопросы организации городского пространства чаще рассматриваются с планировочной или экономической точки зрения, тогда как его географо-методологические основы остаются недостаточно систематизированными. В связи с этим целью исследования является определение основных направлений устойчивого городского развития на основе анализа методологических основ и географических аспектов организации городского пространства.

Исследование выполнено на основе метода кейс-стади (case study) на примере нового урбанистического проекта Казахстана – города Алатау, ориентированного на принципы «Smart City». В ходе исследования применялись методы системного анализа, сравнительно-географический метод, структурно-логический анализ, картографический анализ и моделирование. Урбанистические концепции зарубежных и советских научных школ были сравнительно проанализированы по социальным, экономическим и экологическим компонентам устойчивого развития.

Результаты исследования показали, что организация городского пространства формируется как многоуровневая социально-пространственная система, эффективное развитие которой зависит от сбалансированности территориальной структуры, согласованного размещения инфраструктуры и принципов пространственной справедливости. Пространственная модель развития города Алатау рассмотрена как прикладной пример интеграции концепции «Smart City» с компонентами устойчивого развития. Научная новизна исследования заключается в систематизации географических подходов к организации городского пространства посредством интеграции урбанистических теорий и концепций цифрового городского развития. Полученные результаты могут служить методологической основой для совершенствования городского планирования, пространственной политики и современных моделей урбанистического управления.

Ключевые слова: город, городское пространство, территориальная организация, комфортная городская среда, концепция «умного города».

Кіріспе

Қала – аумақтың ландшафттық құрылымының құрамдас бөлігі болып саналатын күрделі табиғи-антропогендік және техникалық аумақтық жүйе. Ол табиғи ландшафт, халық, мәдени-тарихи мұралар мен техногендік элементтердің үйлесімінен құралған. Осы себепті әрбір қаланың табиғи-ландшафттық, инженерлік, сәулеттік-жоспарлау және әлеуметтік-экологиялық ерекшеліктері бар. Алайда, қалаларда бұл ерекшеліктер аумақты пайдалану барысында пайда болатын мәселелермен қатар жүреді. Қазіргі қа-

лалардың сәулеттік келбеті жаһандану үдерістерінің және сәулет өнеріндегі заманауи сән ағымдарының ықпалын айқын көрсетеді.

Бүгінде урбанизация қарқыны артып, қалалардағы халық саны үнемі өсуде. Осыған байланысты қалалық аумақтарды тиімді әрі үйлесімді ұйымдастыру өзекті тақырыптардың бірі болып саналады. Қаланың аумақтық ұйымдастырылуы қоғамдық, өндірістік, көлік, рекреациялық және экологиялық аймақтардың өзара байланысын қамтамасыз ету. Қаланы аумақтық ұйымдастырудағы басты қағидаттарға қалалық аумақты ұтымды пайдалану, қоғамдық кеңістік-

тердің қолжетімділігін арттыру, тарихи-мәдени мұраларды сақтау және экологиялық қауіпсіздік талаптарын сақтау жатады. Осы қағидаттар негізінде қала ортасы адамға жайлы, қауіпсіз және тұрақты өмір сүру кеңістігін қалыптастыруға негізделеді. БҰҰ-ның Тұрақты даму мақсаттарындағы 11-ші мақсаты – қалалар мен елді мекендерді қауіпсіз, қолайлы, орнықты әрі тұрақты ортаға айналдыру – урбанистикалық дамудың негізгі бағыты ретінде айқындалған (Transforming our world: The 2030 Agenda for Sustainable Development, 2015). Демек, қалалық кеңістік барлық тұрғындар үшін қолжетімді, инклюзивті, заманауи инфрақұрылыммен қамтылған, сондай-ақ табиғи ресурстарды тиімді пайдалануға негізделуі тиіс.

Осы қағидаттарды жүзеге асыру үшін Қазақстанда қалалық кеңістікті ұтымды ұйымдастыру және тұрақты дамытуды мақсат ететін ұлттық деңгейдегі жоспарлау құралдары әзірленді. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2019 жылғы жарлығымен бекітілген «Елді аумақтық-кеңістікте дамытудың 2030 жылға дейінгі болжамды схемасы» урбанизацияны басқарылатын деңгейде 65%-ға дейін ұлғайтуға, функционалдық қалалық аудандарды және агломерацияларды дамытуға бағытталған (Елді аумақтық-кеңістікте дамытудың 2030 жылға дейінгі болжамды схемасын бекіту туралы, 2019). Бұл Тұрақты даму мақсаттарында аталған инклюзивтілік пен экологиялық қауіпсіздікті ескере отырып, халықты ірі қалаларға шоғырландыруды, инфрақұрылымды дамытуды және табиғи ресурстарды тиімді пайдалануды көздейді. Сонымен қатар, тарихи-мәдени мұраларды сақтау және жасыл кеңістіктерді дамыту арқылы экологиялық тұрақтылыққа қол жеткізіледі, бұл ірі қалалардың экономикалық және әлеуметтік орталық ретіндегі рөлін нығайтады.

Қалалық кеңістікті ұйымдастырудың оңтайлы әрі баршаға қолжетімді моделі әлі де өз бейнесін тапқан жоқ (Baibarac-Duignan & de Lange, 2021). Қазіргі кезге дейін қалалық кеңістік тек өндіріс күштерінің орналасуы немесе әлеуметтік қатынастар тұрғысынан қарастырылып келеді. Қала халқы мен урбанизацияланған аумақтардың едәуір басым болуымен сипатталатын дамыған елдерде қалалық кеңістікті ұйымдастырудың теңдестірілген түрде дамыту жолдарын іздеу жүргізілуде. Қалаларды дамыту және аумақтық ұйымдастыру мәселелерін зерттеудің, күрделі жүйелерді жобалаудың немесе оларды

өкімшілік тұрғыдан басқарудың тиімді әдістері жоқ (Rosol & Blue, 2022).

Ірі қалалар елдің аумақтық біртұтастығы мен мәдени тұтастығын қамтамасыз ете отырып, халықтың қоныстануы мен экономиканың қалыпты жұмыс істеуінің негізгі орталығы ретінде айрықша әлеуметтік-экономикалық маңызға ие. Мұндай қалалардың дамуы көбіне аймақтардың жалпы даму деңгейі мен тұрғындардың әлеуметтік-экономикалық әл-ауқатына тікелей ықпал етеді. Табиғи урбанизация үдерістері, қолайлы өмір сүру жағдайларының қалыптасуы, сондай-ақ шағын қалалар мен ауылдық аймақтардан ірі қалаларға халықтың жаппай қоныс аударуы қала халқының, өндіріс көлемінің және экономиканың өсуіне түрткі болды (Fu et al., 2022). Дегенмен, ірі қалалар тек қозғаушы күш ғана емес, сонымен қатар көптеген әлеуметтік, экономикалық және аумақтық мәселелердің күрделі тораптары.

Дәстүрлі түсінік бойынша, қала – тұрғындарының басым бөлігі өнеркәсіп, қызмет көрсету, ғылым, мәдениет, білім беру, денсаулық сақтау және өндірістік ресурстарды шоғырландыруды қажет ететін экономика салаларында еңбек ететін елді мекен. Қала адамдар қоныстанған, олардың іс-әрекеті нәтижесінде табиғи және жасанды компоненттер қарқынды түрде өзгеріске ұшырайтын географиялық қабықтың аумақтық шектеулі бөлігі. Қала құбылысы – күрделі, көпқырлы ұғым, сондықтан оны әртүрлі қырынан қарастыратын урбанистикалық зерттеулердің сан алуандығын қалыптастырады. Осы зерттеудің мақсаты – қалалық кеңістікті ұйымдастырудың әдістемелік негіздері және географиялық аспектілеріне негізделе отырып, тұрақты дамудың басты бағыттарын анықтау.

Осы мақала кейс-зерттеу тәсіліне негізделді және зерттеу нысаны ретінде Алатау қаласы алынды. Алатау қаласы Қазақстанда «ақылды қала» қағидаттарына бағдарланған жаңа урбанистикалық жоба ретінде қалалық кеңістікті ұйымдастырудың әдіснамалық негіздерін қолданбалы тұрғыда талдауға мүмкіндік береді.

Материалдар мен әдістер

Зерттеу барысында жүйелі талдау, салыстырмалы-географиялық әдіс, құрылымдық-логикалық талдау, картографиялық интерпретация және концептуалдық үлгілеу әдістері қолданылды. Бұл әдістер қалалық кеңістіктің әлеуметтік, экономикалық және экологиялық компонент-

терінің өзара байланысын анықтауға мүмкіндік берді.

Зерттеу қалалық кеңістікті ұйымдастырудың теориялық және әдіснамалық негіздерін анықтауға бағытталған кешенді ғылыми тәсілге негізделді. Зерттеу дереккөздері ретінде урбанистика, қала географиясы, аумақтық ұйымдастыру және тұрақты даму мәселелеріне арналған ғылыми жарияланымдар, монографиялар пайдаланылды. Атап айтқанда, А.Э. Гутнов, А.А. Высоковский еңбектері, Ю.Г. Саушкин, А.А. Ткаченко, Б.С. Хорев, Д. Джейкобс, П. Холл, Э. Соджа, М. Бэтти және тағы да басқа ғалымдардың зерттеулері талданды. Сонымен қатар Біріккен Ұлттар Ұйымының «International recommendations for urban and territorial planning» атаулы нұсқаулығы сияқты халықаралық ұйымдардың ұсынымдары және нормативтік құжаттар пайдаланылды.

Ғылыми әдебиеттерді іріктеу келесі критерийлер бойынша жүзеге асырылды:

- қалалық кеңістікті ұйымдастыру теориясын қарастыруы;
- аумақтық ұйымдастыру немесе қала дамуының кеңістіктік аспектілерін талдауы;
- ғылыми дәйексөзделу деңгейі және урбанистикалық теорияға қосқан үлесі;
- тұрақты даму немесе «ақылды қала» тұжырымдамаларымен байланысы.

Зерттеу бірнеше кезең бойынша жүргізілді:

1-кезең – әдебиеттерге жүйелі шолу. Қалалық кеңістікті ұйымдастыру ұғымының қалыптасу эволюциясы талданып, негізгі ғылыми бағыттар анықталды.

2-кезең – теориялық тұжырымдамаларды жіктеу. Таңдалған авторлардың ғылыми көзқарастары тұрақты дамудың үш негізгі индикаторы бойынша топтастырылды. Олар: экономикалық даму, әлеуметтік орта, экологиялық тұрақтылық.

3-кезең – салыстырмалы-географиялық талдау. Әр ғылыми мектептің (шетелдік және кеңестік) урбанистикалық тұжырымдамалары келесі параметрлер бойынша салыстырылды:

- қалалық кеңістіктің құрылымы;
- аумақтық ұйымдастыру принциптері;
- басқару тәсілдері;
- тұрақты даму факторлары.

4-кезең – үлгілеу және синтез. Алынған нәтижелер негізінде Алатау қаласының кеңістікті ұйымдастырудың интеграциялық моделі қарастырылып, «ақылды қала» тұжырымдамасымен байланысына талдау жасалды.

Кейс-нысанды таңдау негіздемесі. Алатау қаласы зерттеу нысаны ретінде үш критерий бойынша таңдалды: (1) қала дамуының ресми жоспарлау құжаттарында «Smart City» қағидаттарының айқын көрініс табуы; (2) аумақтық ұйымдастыруды әлеуметтік-экономикалық-экологиялық компоненттердің байланысы тұрғысынан талдауға мүмкіндік беретін құрылымдық модельдің болуы; (3) Қазақстан жағдайында жана қалалық жоба ретінде урбанистикалық теорияларды қолданбалы интерпретациялау әлеуетінің жоғары болуы.

Нәтижелер және оларды талқылау

Қалалық кеңістікті аумақтық ұйымдастырудың теориялық эволюциясы

Ежелгі дәуірлерден бастап адамзат қауымдастығы өмір сүрудің тиімді формасы ретінде ұжымдық өмір сүруді таңдаған. Мұндай ұйымдасу үлгісі жеке адамдарға қауіпсіздік, тұрақтылық, әлеуметтік тәртіптің сақталуын қамтамасыз еткен. Тұрғындардың шоғырланған түрде орналасуы географиялық, климаттық, демографиялық және әлеуметтік-экономикалық жағдайлар қолайлы аумақтарда жүзеге асқан. Мұндай қоныстардың тиімді орналасуы табиғи халық өсімі, көші-қон үрдістері және белгілі бір тарихи жағдайлардың ықпалымен айқындалып, олардың саяси, әлеуметтік, экономикалық және мәдени орталықтарға айналуына негіз болды. Қоныстардың қалыптасуы мен даму үдерісі жергілікті, аймақтық және мемлекеттік деңгейлерде жүзеге асырылды. Уақыт өте келе адам өзінің әлеуметтік, экономикалық және мәдени қызметін ұйымдастырудың ең кең әрі күрделі нысаны ретінде қаланы қалыптастырды.

Алғашқы қалалық қоныстардың қалыптасуы бірқатар қала түзуші факторлардың ықпалымен айқындалған. Олардың қатарында ежелден қалыптасқан сауда байланыстары нүктелері; су айдындарына, яғни теңіздерге, көлдерге, өзендерге қатысты ыңғайлы орналасу; қолайлы климаттық жағдайлар сияқты факторлар ерекше маңызға ие болған (Yargina, 1991).

Қалалық құрылымдар тек тұрғын және шаруашылық нысандарымен ғана шектелмей, сонымен қатар қорғаныс, әкімшілік, діни, мәдени және ойын-сауық ғимараттарымен толыққан. Олардың архитектуралық шешімдерінің алуан түрлілігі мен сапалық деңгейі сол кезеңдегі қоғамның әлеуметтік-экономикалық және мәдени дамуының дәрежесін бейнелеген. Египет, Грек

және Рим өркениеттері қалабасшылық мәдениеттің айрықша үлгісін қалыптастырды. Ежелгі қалалық кеңістіктің қалыптасу орындарының ашылуы мен ғылыми тұрғыдан зерттелуі XIX ғасырда археологиялық ізденістердің кеңеюімен тікелей байланысты болды.

Қалалар – күрделі табиғи-жасанды жүйелер: қаланың дамуы белгілі бір ішкі табиғи заңдар мен өзін-өзі ұйымдастыру процестерінің әсерінен, сондай-ақ адамның саналы бақылау әрекетінің әсерінен болады. Қалалардың аумақтық ұйымдастырылуы мәселелері XX ғасырда шетелдік зерттеушілер еңбектерінде ерекше қарқынмен дами бастады. Қаланың аумақтық ұйымдастыруы жөніндегі алғашқы ғылыми ізденістер XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басында, индустрияландыру мен урбанизация үдерістерінің күшеюіне байланысты пайда болды. Бұл бағыттағы алғашқы теориялардың бірі неміс экономисі Альфред Вебердің есімімен байланысты. Ол 1909 жылы жарық көрген «Über den Standort der Industrien» атты еңбегінде өндірістің орналасу теориясын ұсынып, алғаш рет «аумақтық ұйымдастыру» ұғымын енгізді. Вебердің идеялары қалалардың кеңістіктік құрылымын ресурстар, көлік шығындары және еңбек факторлары тұрғысынан талдауға бағытталып, қазіргі урбандық жоспарлаудың теориялық негізін қалады (Kolehmainen, 2003).

Қаланың кеңістіктік жүйе ретіндегі тіршілігін көрсететін фактіні кеңес қала жоспарлаушысы А.Э. Гутнов байқады. А.А. Высоковский аумақтардың кеңістіктік дамуын жоспарлау қаланың динамикалық даму бағыттары мен тиімділігін нормативтік идеялар негізінде қалыптасқан факторларды біріктіру арқылы жүзеге асырылуы керек деп тұжырымдады (Vysokovsky, 2005). Қала дамуының динамикалық бағыттарын анықтау және басқару қаланың ақпараттық моделін құрумен қатар жүруі керек. Қаланың бірыңғай моделін құру мәселесі ашық күйінде қалып отыр.

Қазіргі қалалық кеңістіктің даму тенденциялары аумақтың маңыздылығын күшейтеді. Аумақтық ұйымдастырудың мәні оның табиғи, әлеуметтік-экономикалық құбылыстарды орналастырудың кеңістіктік аумақтық заңдылықтарын және олардың өзара байланысын талдауға байланысты. XX ғасырдың 70 жылдарына қарай ғалымдардың қызығушылығы қала ортасының құрылымдық өзгерістерін зерттеу саласына ауысты. Әлеуметтік жіктелу мен мәдени-аумақтық бөліну ірі қалалардың негізгі мәселелеріне

айналды. Әлеуметтанушылар мен урбанистер қаланың және оның әлеуметтік кеңістігінің ұйымдастырылуының теориялық негіздерін әзірлеуге назар аудара бастады (Allen, 2015).

«Аумақтық ұйымдастыру» ұғымы Кеңес Одағында алғаш рет ҚКПС ХХІ съезінің қарарында қолданылды (Внеочередной ХХІ съезд КПСС, 1959). Өндіргіш күштерді орналастыруға және одақтас өңірлердің экономикасын дамытуға арналған ІІІ бөлімде бұл ұғым тек халық шаруашылығына қатысты болды. Онда аумақты жоспарлауда ірі экономикалық-географиялық аудандарды бөлу Кеңес Одағының халық шаруашылығын дұрыс географиялық орналастыруға және ең тиімді аумақтық ұйымдастыруға ықпал етеді деген тұжырымдама айтылды.

Кеңес географы Ю.Г. Саушкин бұл ұғымның география үшін ерекше маңыздылығына назар аударды. Ол аумақтық ұйымдастыру тұжырымдамасын өндірістік күштерді, сондай-ақ табиғи жағдайлар мен табиғи ресурстарды пайдаланудың аумақтық жобаларын қамтыды (Saushkin, 1961). Оның тұжырымдамасы стратегиялық мақсатқа ие болды, елдің және оның аймақтарының өндірістік күштерінің нақты жағдайын мен дамуын көрсетті. Ю.Г. Саушкин «аумақтық ұйымдастыру» ұғымының географиялық мазмұнының қалыптасуын мұқият зерделеді. Тұжырымдаманы отандық және шетелдік географияға енгізу процесін сипаттады.

Ю.Г. Саушкин ұғымды толықтыру мақсатында еңбегіндегі 10-тарауды «қоғамды аумақтық ұйымдастыру» деп атады. Бөлімде қоғамдық аумақтық ұйымдастыру анықтамасы (Saushkin, 1961, р. 143) берілген: «аумақтық ұйым тұрғын үйлерді, өндірісті, демалыс аймақтарын, оқу орындарын, ауруханаларды орналастыруды ғана емес, сонымен бірге олардың қарым-қатынасын, байланысын, бірін-бірі толықтыруын, мақсаттарға қол жеткізу құралдарының икемділігін және қоғамдық өмірдің кеңістіктік жүйелерінің әртүрлі түрлерін қамтиды». Ол аумақтық ұйымдастырудың орналастыру, кеңістіктік қатынастар, байланыстар мен жүйелер және аумақтық басқару деп аталатын төрт негізгі аспектісін сипаттады.

Американдық урбанист Джейн Джейкобс 1961 жылы алғаш «The Death and Life of Great American Cities» еңбегінде модернистік жоспарлаудың қала географиясындағы маңызын зерттеді. Джейкобс қаланың аумақтық ұйымдастыруын «органикалық» жүйе ретінде қарас-

тырып, онда кеңістіктік құрылым әртүрлілікке негізделгенін сипаттайды. Оның ішінде тұрғын үй, өндіріс аймақтарының тиімді орналасуы, қоғамдық кеңістіктердің қолжетімділігі және жаяу жүргіншілердің қозғалысы сияқты элементтерді талдайды. Ол осы негізде төрт негізгі принципті ұсынады (Jacobs, 1992):

- Қалалық кеңістіктегі табиғи әлеуметтік бақылау қылмыс деңгейін төмендетеді және қауіпсіздікті нығайтады;

- жергілікті экономикалық көпқырлылық инновацияларды тудырады;

- қала аудандарының шекаралары мәдени бірегейлікті сақтайды;

- қала орталықтарының жоғары тығыздығы әлеуметтік өзара әрекеттесуді күшейтеді.

Джейкобс теориясы қалалық кеңістікті ұйымдастырудағы мәдени-аумақтық бөліну мәселелерін шешуге бағытталған, ол аралас пайдалану арқылы инклюзивті кеңістікті құруды ұсынады. Бұл БҰҰ-ның Тұрақты даму мақсаттарының ішіндегі 11-ші мақсатындағы қолжетімді қоғамдық кеңістіктерді құруға сәйкес келеді. Кеңес ғалымдарының қала аумағын функционалдық аймақтарға бөлуінен айырмашылығы, Джейкобс жоспарлаудың моделі ретінде «үстінен» (top-down) емес, «төменнен» (bottom-up) басталуын талап етеді. Джейкобс «үстінен» жоспарлауды, яғни мемлекеттік органдардың жоғарыдан төмен қарай шешім қабылдауын сынға алады. Себебі оның зерттеуі бойынша мұндай ұйымдастыру қалаларда біртекті және тұрғындарға қолайсыз орта қалыптастырады. Оның орнына «төменнен» тәсілін енгізуді ұсынады. Тұрғындардың қатысуымен жоспарлау қаланың органикалық дамуына әсер етеді. Бұл тұжырымдама қазіргі «ақылды қала» концепциясына ұқсас, өйткені ол тұрғындардың қатысуы арқылы төменнен жоғары қарай дамуды көздейді, бұл сәйкесінше қала ортасының даму тиімділігін арттырады.

Британдық урбанист Питер Холл 1988 жылы «Cities of Tomorrow» еңбегінде қалалық кеңістікті жоспарлаудың тарихын талдайды. Эбенизер Говардтың бақшалық қалаларынан бастап Ле Корбюзенің модернистік тұжырымдамаларын сынға алады. Оның негізгі идеялары теориялық қала моделдері мен аумақтық ұйымдастыруға қатысты. Холл аумақтық ұйымдастыруды экономикалық және әлеуметтік факторлардың байланысы ретінде көреді, бұл қалалардың бар-

лық топтарға қолжетімділік пен мәдени әртүрлілік сияқты элементтерді қамтиды (Hall, 1988). Оның талдауы бойынша өткен қала моделдері шаруашылыққа басымдық берілгендіктен сәтсіз болды, ал болашақтағы қалалар урбанизация мәселелерін шешеді.

И.А. Родионова зерттеуі бойынша қалалық кеңістікті аумақтық ұйымдастыру функционалдық аймақтарға бөлуге, жоспарлау және көлік жүйесіне, қоғамдық орталықтарды орналастыру мәселелерін қамтитын қала аумағындағы кеңістіктік процестеріне негізделеді. Оның ойынша, аумақтық ұйымдастыру – аумақтық құрылымды қалыптастыру бойынша белгілі бір заңдылықтардың жиынтығы (Rodionova, 2000).

Белгілі Кеңес географы А.А. Ткаченко кеңістікті ұйымдастырушы объектілердің рөліне назар аударып, «кеңістікті ұйымдастырушылар» деп кәсіпорындарды, қызмет көрсету мекемелерін, елді мекендерді, қалалық агломерацияларды атауды ұсынды. Ол (Tkachenko, 1995) зерттеу жұмыстарын жүргізе келе, аумақтық ұйымдастырудың 10 аспектісін ұсынды (1-сурет).

Ткаченко теориясы Кеңес мектебінің жоспарлы экономикасына негізделген, алайда аумақтық ұйымдастырудың аталған 10 аспектісі кеңістікті ұйымдастырушы объектілердің (кәсіпорындар, қызмет көрсету мекемелері, елді мекендер, қалалық агломерациялар) рөлін көрсетеді және қалалық кеңістіктің тиімді ұйымдастырылуына негіз болады.

Аумақтық ұйымдастыру теориясында қалалық кеңістікке қатысты әртүрлі кластардың ұғымдар жүйесі қолданылады. Ю.Г. Саушкин аумақтық ұйымдастыруға қатысты кеңістіктік жүйелерді, аумақтық объектілердің құрылысын, аумақтық объектілерді басқару міндеттерін көрсететін ұғымдардың үш класымен жұмыс істеді. Аумақтық ұйымдастыру қалалық кеңістіктегі кез келген құбылыстар мен объектілерге тән және олар үшін мына көрсеткіштер маңызды:

1. орналасқан жері;
2. қашықтығы;
3. ауданы.

Аумақтық ұйымдастырудың аталған үш көрсеткішін төрт аспектіде қарастыруға болады: құрылымы, қызметі, дамуы және басқаруы. Ол белгілі бір аумақта болатын объектілер мен құбылыстардан тұратын және өзін-өзі ұйымдастыратын тіршілік жүйесі ретінде анықталады.

1-сурет

А.А. Ткаченко бойынша аумақтық ұйымдастырудың аспектілері



Ескерту: авторлар құрастырған

Американдық географ Эдвард Соджа қалалардың постмодернистік эволюциясын талдайды. Ол физикалық және әлеуметтік кеңістіктердің байланысы ретінде аумақтық ұйымдастыруды әділеттілікке бағыттайтын «үшінші кеңістік» концепциясын енгізеді. Оның негізгі идеялары (Soja, 2000) қалалардың «пост-метрополистік» кезеңдегі процестерімен, яғни агломерациялар, перифериялық даму және ірі қалалардағы орталық және шеткі аймақтардың қарама-қайшылығымен байланысты. Кеңістіктік әділеттілік ұғымын талдау арқылы қоғамдық ресурстар мен мүмкіндіктердің тең бөлінуін талдайды. Соджа теориясы қазіргі уақыттағы агломерациялар мен моноқалалардың мәселелерін талдауға қолайлы. Ол кеңістіктік әділеттіліктің жетіспеушілігін сынға алып, қалалық кеңістіктің баршаға қолжетімді болуын негізге алады, бұл тұрақты дамудың әлеуметтік компонентіне сәйкес.

Э.Б. Алаев (Alaev, 1983) қаланың аумақтық ұйымдастырылуы деп халықтың өмір сүру сапасын жақсартуды жүзеге асыру мақсатында қолданылатын аумақтық құрылымдардың, яғни халықты қоныстандыру, өндіріс, табиғатты пай-

далану сияқты жүйелердің үйлесімін атайды. Б.С. Хорев қаланың аумақтық ұйымдастырылуы географиялық негіздерге сәйкес өңірлік, әлеуметтік, экономикалық зерттеулер саласындағы неғұрлым кең ұғым екендігін атап өтеді. Өйткені оған өндіріс пен әлеуметтік инфрақұрылымды орналастыру, адамдарды қоныстандыру, қоғамның аумақтық әлеуметтік және экономикалық жүйесіндегі өзара байланыс, кеңістіктік ұдайы өндіру процестері, оларды басқару мәселелері де кіреді (Khorev, 1981). Қаланың аумақтық ұйымдастырылуының географиялық аспектілеріне оның орналасуы, тұрақты дамуға ықпал етуі, қоршаған ортамен байланысы және әлеуметтік-экономикалық дамуы жатады.

Ресей Федерациясының солтүстік аймақтарын зерттеген В.П. Самарина аумақтық ұйымдастыруға тікелей немесе жанама әсер ететін аспектілерді қарастырды. Олардың қатарына аумақтың табиғи-климаттық ерекшеліктері, өңірлік экономикалық бағыттылығы, табиғи апаттар қаупі, табиғат ресурстарға қолжетімділік деңгейі, экожүйеге техногендік әсердің қарқындылығы, өнеркәсіптік және инфрақұрылымдық әлеуеттің әртүрлілігі жатады (Samarina, 2007).

В.П. Самарина зерттеулерінде қалалардың аумақтық ұйымдастырылуындағы түрлі функционалдық объектілердің кеңістікте орналасу заңдылықтары мен олардың өзара байланыстарын, аумақтық дамудың мәселелерін, артықшылықтарын анықтады.

Британдық географ, урбанистикалық модельдеудің негізін қалаушы Майкл Бэтти қалаларды күрделі жүйелер ретінде талдайды. Қалалық кеңістікті модельдеу арқылы урбанизацияны болжау мәселелерін зерттейді. Ол әлеуметтік факторды ескеру қажеттілігін атап өтіп, ақпараттық технологияны инфрақұрылыммен біріктіру арқылы қалалық кеңістікті тиімді ұйымдастыруды ұсынады (Batty, 2013). Бұл қазіргі «ақылды қалалар» тұжырымдамасына сәйкес келеді. Сонымен қатар, қалаларды өзін-өзі ұйымдастыратын жүйелер ретінде қарастырып, күрделілік теориясын дамытады.

Қалалық кеңістікте тұрғын үй аймақтары, өндірістік кешендер, көлік инфрақұрылымы, қоғамдық орталықтардың орналасуы қаланың дамуы мен халықтың өмір сүру сапасын жақсартуда шешуші рөл атқарады. Бұл өз кезегінде қаланың кеңістіктік ұйымдастырылуының негізін құрайды. Аумақтың кеңістіктік дамуы – өркениетті мемлекеттерге ортақ қалыптасқан тәжірибе. Бұл үдерісте экономикалық тиімділік басым фактор ретінде қарастырылмай, басты назар халықтың жайлы өмір сүруіне қолайлы жағдай қалыптастыруға бағытталады.

Қалалық кеңістіктің ұйымдастырылуы үш негізгі функцияға, атап айтқанда, өндірістік қызмет, тұрғын үй кешені және рекреациялық қызметке негізделеді. Аталған функцияларды біртұтас қала жүйесіне топтастыру заманауи қала құрылысын жобалаушылардың міндеті. Қазіргі заманғы өзгерістер қалалық кеңістікті қоғам мен қала тікелей өзара әрекеттесетін «тірі» организмге айналдыруға мүмкіндік береді. Кезкелген өзгеріс әрекетке бағытталса, қала жағдайында бұл әрекет – қала ортасының дұрыс және тұрақты дамуы. XXI ғасыр – ақпараттық қоғамның қалыптасу және қарқынды даму кезеңі. Қазіргі кезеңде қала «қос функциялы жүйе» сипатында дамуда. Осыған орай оның сәулет-жоспарлау құрылымы атқаратын функцияларымен айқындалады, ал қалалық кеңістікті ұйымдастыру элементтері функционалдық ерекшеліктеріне сәйкес жіктеледі.

Қаланың кеңістіктік ұйымдастырылуының басым бағыттары – аумақтық ресурстарды тиімді пайдалануды реттеу, қала аудандарының бір-

келкі дамуы негізінде тұрғындар үшін өмір сүру ортасының сапасын арттыру, іскерлік, сауда және мәдени-рекреациялық нысандардың тораптары мен қаланың сәулеттік бейнесін дамыту, тарихи және табиғи ескерткіштерді сақтау. Қазіргі әлемнің өзгермелі жағдайында қалалардың кеңістіктік ұйымдастырылуы жаңа сипатқа ие болды. Оңтайландыру және цифрландыру бағытындағы үдерістер адамның өмір сүру жағдайларын жеңілдетті. Осыған байланысты қалалық кеңістікті дамыту бағытындағы жаңа көзқарастар мен «жайлы қала ортасы» түсінігі қалыптасты. Аумақтық құрылым мен әлеуметтік-мәдени ортаны Тұрақты даму мақсаттарына сәйкес ұйымдастыру қажеттілігі негізделді. Қазіргі кезеңдегі қала аумағын ұйымдастыру статикалық жоспар емес, оқиғалардың, қоғамның, үздіксіз құрылыстар мен саясаттың үйлесімі (Sonda et al., 2010).

Адамзаттың болашағы белгілі бір аумақ шегінде әлеуметтік-экономикалық жүйе ретінде дамитын қалалармен байланысты. Осыған орай «Ақылды қала» тұжырымдамасының идеясы қала құрылысы бағыты үшін өзекті болып табылады.

Қала құрылысын жобалаушылар жүздеген жылдар бойы идеалды қалалық кеңістікті ұйымдастыруға ұмтылды. Ал қазіргі кезеңдегі қала құрылысын жоспарлау бағыты дәстүрлі сипаттан асып, жайлы қала ортасын қалыптастырудағы заманауи компоненттерді қамтиды және ол инновациялық сипатқа ие (Jacques et al., 2024). Тиімді аумақтық-кеңістіктік ұйымдастырудың компоненттері (2-сурет) «ақылды» қаланы дамытудың негізгі бағыттары ретінде сипатталады (Semenov & Shtompel, 2018). Себебі қазіргі заманғы цифрлық «ақылды» технологияларды қолдану үшін аумақты ұйымдастыру, оны жоспарлау, қала құрылысы жүйесі, көше-жол желісін ұйымдастыру мәселелері оңтайлы шешімін табуы тиіс.

Берілген суретте «ақылды қала» тұжырымдамасы аясында қалалық кеңістіктің тиімді ұйымдастырылуының құрылымдық тізбегі берілген. Жоспарлау ұйымдастырылуынан бастап, абаттандыру, инженерлік инфрақұрылым, сәулет және құрылыс, қауіпсіздік арқылы көлік кеңістігіне жалғасады. Бұл компоненттер циклдік байланыста болу арқылы қазіргі урбанизацияның басым бағыттары ретінде сипатталады. Аталған компоненттердің үйлесімді байланысы қала құрылысы жүйесі мен жайлы қала ортасын қалыптастыруда маңызды рөл атқарады.

2-сурет

Қаланы тиімді аумақтық-кеңістіктік ұйымдастырудың компоненттері



Ескерту: авторлар құрастырған

Қалалық кеңістікті ұйымдастыру тұжырымдамаларын салыстырмалы талдау

Алғашқы қоныстардың қалыптасуы мен қазіргі «ақылды» қалаларға дейінгі зерттеулер қалалық кеңістіктің тиімді ұйымдастырылуын негізге алады. Қаланы аумақтық ұйымдастыруды жүйелеу – қаланың аумақтық құрылымын қалыптастырудың теориялық-әдіснамалық негіздерін айқындап, оның кеңістіктік ұйымдастыру сипаттайтын негізгі аспектілерді жүйелеу процесі. Бұл бағытта әртүрлі ғалымдар өз еңбектерінде қаланың аумақтық ұйымдастырылуының

құрамдас бөліктері мен факторларын әр қырынан қарастырып, түрлі әдістемелік тәсілдер ұсынған. Белгілі зерттеушілердің көзқарастары қазіргі қала географиясындағы аумақтық ұйымдастырудың бастамасы. Шетелдік және Кеңес зерттеулеріне салыстырмалы талдау жасау қалалық кеңістікті ұйымдастырудың әртүрлі географиялық аспектілерін көруге мүмкіндік береді (1-кесте). Төмендегі кестеде шетелдік және Кеңес ғалымдарының түрлі тұжырымдамалары мен қалалық кеңістікке қатысты идеялар берілді.

1-кесте

Шетелдік және Кеңес ғалымдарының тұжырымдамаларының салыстырмалы талдауы

№	Автор	Мектеп	Негізгі тұжырымдама	Қалалық кеңістікке қатысты идея
1	Альфред Вебер	Шетел	Қалалардың кеңістіктік құрылымы ресурстар, көлік шығындары мен еңбек факторларына негізделеді.	Экономикалық факторлар, өндіріс күштері
2	Джейн Джейкобс	Шетел	Қалалық кеңістікте біртұтас әрі баршаға қолжетімді қоғамдық кеңістік қалыптасатын органикалық жүйе.	Әлеуметтік қауіпсіздік
3	Питер Холл	Шетел	Аумақтық ұйымдастыру әлеуметтік, экономикалық және экологиялық факторлардың байланысы, ол барлық топтарға қолжетімді болуы тиіс.	Аралас пайдалану
4	Эдвард Соджа	Шетел	Аумақтық ұйымдастыру орталық пен шеткі аймақтар арасындағы әділеттілік принципіне негізделеді және қоғамдық ресурстардың бәріне ортақ болуын қалыптастырады.	Кеңістіктік әділеттілік
5	Майкл Бэтти	Шетел	Қалалық кеңістік ақпараттық технология мен инфрақұрылымның тығыз байланысы, ол әлеуметтік факторларға бағытталады.	«Ақылды қала» тұжырымдамасы
6	А.А. Высоковский	Кеңес	Аумақтардың кеңістіктік дамуы қаланың эволюциялық дамуына және басқарудың ақпараттық моделіне байланысты.	Динамикалық өзгерістер және оларды басқару
7	Ю.Г. Саушкин	Кеңес	Қалалық кеңістікті аумақтық ұйымдастыру мемлекеттегі стратегиялық мақсатқа сәйкес, өндірістік күштердің нақты жағдайы мен дамуын сипаттайды.	Тиімді экономикалық кеңістік

№	Автор	Мектеп	Негізгі тұжырымдама	Қалалық кеңістікке қатысты идея
8	И.А. Родионова	Кеңес	Қала аумағын ұйымдастыру қаланы функционалдық аймақтарға бөлу, жоспарлау және объектілерді тиімді орналастыру процестеріне негізделеді.	Аймақтарды оңтайлы жоспарлау
9	А.А. Ткаченко	Кеңес	Аумақтық ұйымдастырудың аспектілері жоспарлы экономиканың біртұтас жүйесін құрайды және қалалық кеңістіктің тиімді ұйымдастырылуының негізі.	Қалалық кеңістіктің құрылымы
10	Б.С. Хорев	Кеңес	Қаланы аумақтық ұйымдастыру өндіріс пен әлеуметтік инфрақұрылымды орналастыруға, тиімді басқаруға және тұрақты дамуға бағытталады.	Әлеуметтік-экономикалық үйлесімділік

Ескерту: авторлар құрастырған

Әр автор қаланың аумақтық құрылымын сипаттайтын өзіндік географиялық аспектілерді айқындап, оның кеңістіктік ұйымдастырудағы ерекшеліктерін сипаттайды. Шетелдік ғалымдардың тұжырымдамалары әлеуметтік және экологиялық факторларға негізделсе, Кеңес мектебі экономикалық тиімділікте күшті. Бұл айырмашылық «ақылды қала» тұжырымдамасында экономикалық тиімділік (Ткаченконың 10 аспектісі), әлеуметтік инклюзия (Джейкобстың теориясы) және экологиялық тепе-теңдікті (Холлдың аралас моделі) байланыстырады.

Бэтти теориясы «ақылды қала» элементтерімен тікелей байланысты, оның Кеңес ғалымдарының моделдерінен айырмашылығы, динамикалық моделдерді ұсынады, бұл экономикалық өсу және экологиялық тұрақтылыққа ықпал етеді. Сонымен қатар, шетелдік авторлардың теориялары Кеңес мектебінің өндірістік бағытынан (Саушкин, Маергойз) айырмашылығы ең басты күш ретінде әлеуметтік факторды, яғни халықтың өмір сүру сапасын алғашқы орынға қояды. Авторлардың зерттеулері қаланың аумақтық ұйымдастырылуы қалалық аумақтың кеңістіктік құрылымын, өзара байланысын, сондай-ақ әлеуметтік-экономикалық, табиғи және экологиялық факторлармен үйлесімділігін зерттейтін маңызды бағыт екендігін көрсетеді.

Тұрақты даму және «Smart City» тұжырымдамасы контекстіндегі қалалық кеңістік

Қазіргі кезеңде әлемдегі қалалық кеңістіктер дәстүрлі әкімшілік орталықтар мәртебесінен технологиялар мен инновацияларға негізделген өзара байланысқан күрделі жүйелерге өзгеруде. 2050 жылға қарай әлем халқының шамамен

68%-ы қалаларда шоғырланады деп болжануда, бұл басқару тиімділігін, қалалық кеңістікті тиімді ұйымдастыруды және цифрлық дайындық деңгейін қалалардың бәсекеге қабілеттілігін айқындайтын факторлар қатарына енгізеді (Ataev et al., 2025).

«Ақылды қала» тұжырымдамасына негізделген қалалық кеңістікті ұйымдастыру көлік жүйесіндегі шамадан тыс жүктемені, көміртегі шығарындылары жоғары энергетикалық инфрақұрылымды, қызмет көрсету және жаңғырту мәселелерін, сонымен қатар қала ішіндегі қауіпсіздік пен басқару саласындағы мәселелерді шешуге бағытталған тиімді тетік ретінде қарастырылады (Golubchikov & Thornbush, 2020). Үлкен деректерді талдау және жасанды интеллект (ЖИ) сияқты инновациялық технологиялар қалаларға жер пайдалануды жоспарлау саясатын жоспарлауға, ресурстарды тиімді басқаруға, қалдықтар көлемін азайтуға және экологиялық көрсеткіштерді нақты уақыт режимінде бақылауға мүмкіндік береді (Agboola, 2024). Қазіргі «Ақылды қала» тұжырымдамасы тұрақты қалалық дамудың негізіне айналды. Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар мен басқа да құралдарды пайдалана отырып, қалалық процестер мен қызметтердің тиімділігін арттырды. Мұндай қалалық кеңістік қазіргі және болашақ ұрпақтардың экономикалық, әлеуметтік, экологиялық және мәдени қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталған (The Next Wave of Urban Development: Investing In Smart City Infrastructure and Technology, 2026).

Қаланы аумақтық ұйымдастыру әртүрлі жолдармен тұрақты дамуға ықпал етуі мүмкін. БҰҰ-ның Тіршілік ету ортасын Басқару Кеңесі

2015 жылы «International recommendations for urban and territorial planning» атауымен нұсқаулығын бекітті. Аталған нұсқаулықта қаланы аумақтық ұйымдастыру тұрақты дамудың үш компонентімен тығыз байланысты болуы керек. Олар әлеуметтік даму, тұрақты экономикалық өсу және қоршаған ортаны қорғау (International recommendations for urban and territorial planning, 2015).

Әлеуметтік даму. Қаланың аумақтық ұйымдастырылуы қоғамның қазіргі және келешек барлық топтары үшін лайықты өмір сүру деңгейлері мен еңбек ортасын қамтамасыз етуге, ресурстары мен мүмкіндіктерін әділетті бөлуге, әсіресе әлеуметтік бірігу мен ынтымақтастықты нығайтуға бағытталған. Қаланың аумақтық ұйымдастырылуы болашаққа бағытталған стратегиялық инвестициялардың бірі және өмір сүру сапасын жетілдірудің негізгі алғышарты.

Экономиканы дамыту. Қаланың аумақтық ұйымдастырылуы жаңа экономикалық мүмкіндіктердің негізін қалайтын, жер және жылжы-

майтын мүлік нарығын реттейтін, сондай-ақ инфрақұрылым мен қызмет көрсету секторларын жеткілікті дәрежеде қамтамасыз ететін экономикалық өсудің қозғаушы күші. Қаланы аумақтық ұйымдастыру тұрақты экономикалық дамуды, әлеуметтік өсу мен экологиялық тепе-теңдікті қамтамасыз ететін тиімді шешімдер жиынтығы.

Қоршаған орта. Қаланы аумақтық ұйымдастыру қалалар мен олардың іргелес аймақтарының табиғи және антропогендік ортасын, оның ішінде биоәртүрлілікті, жер және табиғи ресурстарды тиімді пайдалануды жүзеге асыру мен тұрақты дамуды қамтамасыз ету үшін кеңістіктік факторларды қамтиды. Экологиялық және әлеуметтік-экономикалық тұрақтылықты күшейту, климат өзгерістерінің салдарын төмендету мен бейімделу шараларын белсендіру арқылы адамзаттың қауіпсіздігін нығайтуға ықпал етеді. Аталған үш компоненттің ерекшеліктері мен өзара байланысының маңыздылығы шетелдік және Кеңес зерттеушілерінің еңбектерінде көрініс тапты (3-сурет).

3-сурет

«Ақылды қала» тұжырымдамасындағы тұрақты дамудың үш компоненті мен ғалымдардың тұжырымдамаларының байланысы



Ескерту: авторлар құрастырған

Суретте «International recommendations for urban and territorial planning» нұсқаулығы бойынша қаланы аумақтық ұйымдастырудағы тұрақты дамудың үш компоненті мен ғалымдардың тұжырымдамалары байланыстырылған. Сәйкесінше аталған зерттеулер мен үш компонент қазіргі «ақылды қала» тұжырымдамасының қалыптасуына негіз болады. Әлеуметтік, экономикалық және экологиялық компоненттердің мұндай байланысы қалалық кеңістікті оңтайлы ұйымдастыруға және жайлы қала ортасын қалыптастыруда маңызды рөл атқарады. Бұл байланыс жаһандық және мемлекеттік деңгейдегі урбанизацияны басқаруда үш компоненттің байланысын қамтамасыз етудің негізі бола алады.

Алатау қаласының кеңістіктік даму моделі


Урбанизация қазіргі уақытта қоғамдық өзгерістердің ең маңызды қозғаушы күштерінің

біріне айналды. Қалалар экономикалық үрдістер қалыптасатын, мәдени жаңалықтар пайда болатын және технологиялық жаңашылдықтар енгізілетін ортаға айналды.

Жоғарыдағы бөлімдерде қарастырылған теориялардың практикалық іске асуын Қазақстандағы нақты және өзекті көрінісі – Алатау қаласының даму жобасының мысалында қарастыруға болады. Алатау қаласы Орталық Азиядағы алғашқы толық «ақылды қала» тұжырымдамасына бағдарланған стратегиялық мегажоба ретінде жоспарланған. Ол тұрақты дамудың үш негізгі компонентін (экономикалық, әлеуметтік және экологиялық) өзара байланыстыра отырып, қалалық кеңістікті тиімді ұйымдастырудың жаңа үлгісін ұсынады. Қаланың жалпы аумағы 88 мың гектарды құрайтын төрт тематикалық ауданға бөлінуі осы байланыстың нақты іске асыруын көрсетеді (4-сурет).

4-сурет

Алатау қаласының бас жоспары негізінде кеңістіктік даму моделі



Ескерту: авторлар құрастырған

Green District – Қапшағай су қоймасының маңындағы демалыс пен ойын-сауық үшін қалалық орта мен табиғаттың тиімді үйлесімін ұсынатын рекреациялық және туристік аудан. Табиғи ландшафтты сақтау мен экологиялық тепе-теңдікті қамтамасыз етеді, бұл тұрақты даму-

дың экологиялық компонентінің критерийлеріне сәйкес келеді.

Growing District – интеграцияланған экспортқа бағытталған өнеркәсіптік және логистикалық аймақ. Аумақтық ұйымдастырудың тұрақты экономикалық дамуы және әлеуметтік өсуіне

негізделе отырып, жаңа жұмыс орындарын құру арқылы әлеуметтік тұрақтылықты күшейтеді.

Golden District – инновациялық экожүйені қалыптастыруға, сондай-ақ білім беру, медицина және ғылыми зерттеулерді дамыту арқылы адами капиталдың сапасын арттыруға бағытталған. Қаланың бас жоспарында тұрақты дамудың әлеуметтік бағыты бойынша қоғамның қазіргі және келешек барлық топтары үшін лайықты өмір сүру деңгейлері мен еңбек ортасын қамтамасыз етудің бағыттары айқындалған.

Gate District – қаланың бас жоспарына сәйкес, экономикалық өсудің негізгі факторларының бірі халықаралық бизнесті дамытудың, іскери қонақ үйлер мен сауда нысандарының орталығы болады (Алматы облысы Алатау қаласының бас жоспары туралы, 2024). Бұл аудандар бас жоспар бойынша «ақылды қала» технологияларымен интеграцияланған, қала ортасы ресурстарын тиімді пайдалануға, қауіпсіздікке және өмір сапасын арттыруға бағытталған.

Мемлекет басшысы Алатау қаласын инновацияның жаңа орталығына айналатынын атап өтіп, 2025 жылғы қыркүйек айындағы Жолдауында аталған қала еліміздегі алғашқы цифрланған қала болатынын айқындады (Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Жасанды

интеллект дәуіріндегі Қазақстан: өзекті мәселелер және оны түбегейлі цифрлық өзгерістер арқылы шешу» атты Жолдауы, 2025). «Ақылды» Алатау қаласының инновациялық инфрақұрылымының негізгі элементі 5G технологиясы болады. Бұл технология «ақылды қала» тұжырымдамасына сәйкес қаланың барлық құрамдас бөліктеріне жоғары жылдамдықты және сенімді байланыс ұсынады. Бас жоспарда қаланың кез келген нүктесінде кең жолақты Интернетке қолжетімділікті қамтамасыз ету үшін сымды, талшықты-оптикалық және сымсыз байланыс арналары интеграцияланған жүйе арқылы біріктірілуі ұсынылады.

Ақылды қалалардың сәтті жүзеге асуы тек технологияларды қолданумен ғана емес, олардың процестерді, нәтижелерді және қалалық кеңістіктің тұрақтылығын қаншалықты тиімді жақсартатынымен бағаланады. Алатау қаласын дамытуда бұл кешенді тәсіл өзара байланысты негізгі элементтерге негізделеді: 1) ақылды энергетика; 2) ақылды көлік; 3) ақылды үй; 4) ақылды қала ортасы. Осы элементтердің үйлесімді жүзеге асырылуы бәсекеге қабілетті және болашаққа бағытталған қалалық экожүйелерді құрудың шарттары болып табылады (5-сурет).

5-сурет

Алатау қаласының «ақылды қала» тұжырымдамасының компоненттерімен байланысы



Ескерту: авторлар құрастырған

Берілген компоненттер қаланы басқарудың барлық деңгейінде технологияларды енгізу мен тұрақты дамудың басым бағыттарын айқындайды. Біріктірілген элементтер қаланы тек әртүрлі технологиялардың жиынтығы емес, икемді жүйе ретінде қарастыратын жаңа қалалық дамуының моделі ретінде құрайды. Ақылды энергетика компоненті тұтынылатын энергияны үнемдеу және тұтынушыларды басқару есебімен қатар, экологиялық қауіпсіз инфрақұрылымды дамытуға бағытталған (Alatau City, 2026). Ақылды көлік жүйесі трафикті басқару, ақылды авто-тұрақтар, экологиялық қоғамдық көлік түрлері мен роботакси, ұшатын таксилер сынды инновацияларды жүзеге асыруға жоспарланған. Бұл компонент қалалық кеңістіктегі көлік инфрақұрылымына қатысты бірқатар мәселелерді шешумен қатар, қоғамның барлық топтары үшін қолжетімді ортаны қалыптастыруды көздейді. Ақылды үй компоненттері қаладағы тұрғын үйлердің қауіпсіздігі, қашықтан және цифрлық деңгейде басқаруды құрайды. Ал ақылды қала ортасы бейнебақылау, энергия үнемдейтін жарықтандыру жүйесі, қалдықтарды смарт-басқару және қалалық кеңістікті жоспарлау мен басқаруды цифрландыру арқылы анықталады. Осы төрт бағыт тұтас цифрлық экожүйеге біріктіріліп, қала тұрғындарына тиімді, қауіпсіз және экологиялық таза орта қалыптастыра отырып, өмір сүру сапасын арттырады.

Қорытынды

Қалалық кеңістікті ұйымдастыру қазіргі урбанизация жағдайында қалалардың тұрақты дамуын қамтамасыз ететін маңызды ғылыми бағыттардың бірі болып табылады. Зерттеу мақсаты қалалық кеңістікті ұйымдастырудың әдістемелік негіздері мен географиялық аспектілерін жүйелеп, оларды қазіргі урбанистикалық даму үрдістерімен байланыстыра отырып талдау болды. Осы мақсатқа қол жеткізу үшін урбанистикалық теорияларға жүйелі шолу жасалып, салыстырмалы талдау және кейс-зерттеу тәсілі қолданылды.

Зерттеу нәтижелері қалалық кеңістіктің ұйымдастырылуы әлеуметтік, экономикалық және экологиялық факторлардың өзара байланысына негізделген көпдеңгейлі әлеуметтік-ке-

ңістіктік жүйе ретінде қалыптасатынын көрсетті. Қаланың тиімді дамуы аумақтық құрылымның теңгерімділігіне, инфрақұрылымдық жүйелердің үйлесімді орналасуына, функционалдық аймақтардың өзара байланысына және кеңістіктік әділеттілік қағидаттарын сақтауға тәуелді екені анықталды. Шетелдік және кеңестік ғылыми мектептердің урбанистикалық тұжырымдамаларын салыстырмалы талдау қалалық кеңістікті ұйымдастыру теориясының эволюциясын айқындап, олардың қазіргі тұрақты урбанизация талаптарымен сабақтастығын көрсетті.

Кейс-зерттеу нәтижесінде Алатау қаласының кеңістіктік даму моделі «Smart City» тұжырымдамасының практикалық іске асу үлгісі ретінде қарастырылды. Қаланың бас жоспарында әлеуметтік қолжетімділік, экономикалық белсенділік, экологиялық тұрақтылық және цифрлық инфрақұрылымды дамыту бағыттарының өзара интеграциясы қалалық кеңістікті ұйымдастырудың заманауи тәсілдерін көрсететіні анықталды. Бұл жағдай урбанистикалық теориялардың нақты қалалық жобаларда қолданбалы мәнге ие екенін дәлелдейді.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы қалалық кеңістікті ұйымдастырудың географиялық тәсілдерін урбанистикалық теориялар мен цифрлық қалалық даму тұжырымдамаларын біріктіру арқылы жүйелеуде көрінеді. Ұсынылған әдіснамалық тәсіл қалалық жоспарлау тәжірибесінде, кеңістіктік саясатты қалыптастыруда және тұрақты әрі интеллектуалды қалаларды басқару модельдерін жетілдіруде қолданылуы мүмкін.

Жалпы алғанда, алынған нәтижелер қалалардың кеңістіктік дамуын басқаруда теориялық негіздер мен практикалық урбанистикалық шешімдерді біріктіру қажеттігін көрсетеді және Қазақстандағы жаңа буын қалаларын қалыптастыруға ғылыми негіз ұсынады.

Авторлардың үлесі

Conceptualization, K.D.; Methodology, S.L.; Software, C.D.; Validation, S.L.; Formal Analysis, C.D.; Resources, K.D. and C.D.; Data Curation, S.L. and C.D.; Writing – Original Draft Preparation, K.D.; Writing – Review & Editing, K.D. and S.L.; Visualization, C.D.; Supervision, S.L.; Project Administration, S.L.; Funding Acquisition, C.D.

Әдебиеттер

- Transforming our world: The 2030 Agenda for Sustainable Development (2015, September 24). *United Nations General Assembly*. <https://undocs.org/A/RES/70/1>
- Қазақстан Республикасы Президенті. (2019, 9 қазан). *Елді аумақтық-кеңістікте дамытудың 2030 жылға дейінгі болжамды схемасын бекіту туралы № 185 Жарлығы*. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/U1900000185/compare>
- Baibarac-Duignan, C. & de Lange, M. (2021). Controversing the datafied smart city: Conceptualising a ‘making-controversial’ approach to civic engagement. *Big Data & Society*, 8(2), 1–15. doi:10.1177/20539517211025557
- Rosol, M. & Blue, G. (2022). From the smart city to urban justice in a digital age. *City*, 26(4), 684–705. doi:10.1080/13604813.2022.2079881
- Fu, W., Luo, C. & He, S. (2022). Does Urban Agglomeration Promote the Development of Cities? An Empirical Analysis Based on Spatial Econometrics. *Sustainability*, 14(21), 1–23. <https://doi.org/10.3390/su142114512>
- Яргина, З. Н. (1991). *Эстетика города*. Москва: Стройиздат. <https://elima.ru/books/?id=5575>
- Kolehmainen, J. (2003). *Territorial agglomeration as a local innovation environment: the case of a digital media agglomeration in Tampere, Finland* (MIT IPC-LIS Working Paper 03-002). University of Tampere, Research Unit for Urban and Regional Development Studies (Sente). <https://www.files.ethz.ch/isn/28460/LIS03-002.pdf>
- Высоковский, А. А. (2005). *Правила землепользования и застройки: руководство по разработке. Опыт введения правового зонирования в Кыргызстане*. Бишкек: Ега-Басма. <https://www.hse.ru/data/.pdf>
- Allen, J., Scott, A. J. & Storper, M. (2015). The Nature of Cities: The Scope and Limits of Urban Theory. *International Journal of Urban and Regional Research*, 39(1), 1–15. <https://doi.org/10.1111/1468-2427.12134>
- Внеочередной XXI съезд КПСС (27 января – 5 февраля 1959 года): стенографический отчет. (1959). *Госполитиздат*. https://istmat.org/files/uploads/52191/21_sezd._materialy.pdf
- Саушкин, Ю. Г. (1961). *Основы территориальной организации народного хозяйства СССР*. Москва: Госполитиздат. <http://www.econross.ru/files/books2016/Saushkin,%202016.pdf>
- Jacobs, J. (1992). *The Death and Life of Great American Cities*. Vintage Books. <https://www.petkovstudio.com/bg/.pdf>
- Hall, P. (1988). *Cities of Tomorrow: An Intellectual History of Urban Planning and Design in the Twentieth Century*. Oxford: Basil Blackwell. <https://wellcomecollection.org/works/zyzcy8h2>
- Родионова, И. А. (2000). *Макрогеография промышленности мира*. Москва: Московский лицей. <https://smolgu.ru/upload/iblock/edd/cy9wxe4w57dx2f91o9nlna4q0zp01b40.pdf>
- Ткаченко, А. А. *Территориальная общность в региональном развитии и управлении*. Тверь: Тверииздательство. https://lms.tversu.ru/eportfolios/380/3__
- Soja, E. (2000). *Postmetropolis: Critical Studies of Cities and Regions*. Oxford: Blackwell Publishers. <https://www.scirp.org/reference/referencespapers?referenceid=2392535>
- Алаев Э. Б. (1983). *Социально-экономическая география: понятийно-терминологический словарь*. Москва: Мир. <http://www.econross.ru/files/books2013/SEG,%20slovar,%202013.pdf>
- Хорев, Б. С. (1981). *Территориальная организация общества: актуальные проблемы регионального управления и планирования в СССР*. Москва: Мысль. <https://www.hse.ru/data.doc>
- Самарина, В. П. (2007). Особенности территориальной организации населения регионов Севера. *Вестник Тюменского государственного университета*, 3, 204–212. https://elib.utmn.ru/jspui/bitstream/ru-tsu/33176/1/vestnikTyumGU_2007_3_204_212.pdf
- Batty, M. (2013). *The New Science of Cities*. Cambridge, MA: MIT Press. <https://direct.mit.edu/books/monograph/3422/The-New-Science-of-Cities>
- Sonda, G., Coletta, C. & Gabbi, F. (2010). *Urban Plots, Organizing Cities*. Farnham: Ashgate. <https://api.pageplace.de/preview/.epub>
- Jacques, E., Neuenfeldt Júnior, A., Francescatto, M., Siluk, J. & De Paris, S. (2024). Smart cities and innovative urban management: Perspectives of integrated technological solutions in urban environments. *Heliyon*, 10(6), 1–14. <https://doi.org/10.1016/j.heliyon.2024.e27850>
- Семенов, В. Т. & Штомпель, Н. Э. (2018). Модель организации смарт-мегаполиса на примере г. Харькова, в основу которой положена эффективная территориально-пространственная организация. *Коммунальное хозяйство городов*, 98, 137–145. <http://eprints.kname.edu.ua/21437/>
- Атаев, Б., Мыратгулыев, Б. & Мырадов, М. (2025). Городская среда и устойчивое развитие: планирование «умных городов» и архитектура для комфортной городской жизни. *Парадигма*, 9(3), 47–50. <https://www.elibrary.ru/item.asp?id=83014685>
- Golubchikov, O. & Thornbush, M. (2020). Artificial Intelligence and Robotics in Smart City Strategies and Planned Smart Development. *Smart Cities*, 3(4), 1133–1144. <https://doi.org/10.3390/smartcities3040056>
- Agboola, O.P. (2024). The role of artificial intelligence in enhancing design innovation and sustainability. *Smart Design Policies*, 1(1), 6–14. <https://doi.org/10.25034/smart-v1n1-2>
- The Next Wave of Urban Development: Investing In Smart City Infrastructure and Technology. (2026). *Astana International Financial Centre*. <https://aifc.kz/wp-content/uploads/2026/01/eng-smart-city-aifc-2026.pdf>
- International recommendations for urban and territorial planning. (2015). *United Nations Human Settlements Programme*. https://unhabitat.org/sites/default/files/download-manager-files/IG-UTP_English.pdf
- Қазақстан Республикасы Үкіметі. (2024, 17 мамыр). *Алматы облысы Алатау қаласының бас жоспары туралы (негізгі ережелерді қоса алғанда) № 388 қаулысы*. <https://adilet.zan.kz/rus/docs/P2400000388>

Тоқаев, Қ.К. (2025, 8 қыркүйек). «Жасанды интеллект дәуіріндегі Қазақстан: өзекті мәселелер және оны түбегейлі цифрлық өзгерістер арқылы шешу» атты Қазақстан халқына Жолдауы. <https://www.akorda.kz/kz/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevtyyn-kazakstan-halkyna-zholdauy-zhasandy-intellekt-dauirindegi-kazakstan-ozekti-maseleler-zhane-ony-tubegeyli-cifirlyk-ozgerister-arkyly-sheshu-881957>

Alatau City. (2026, February 12). *Infrastructure*. <https://alatau.city/ru/infrastructure/>

References

Transforming our world: The 2030 Agenda for Sustainable Development (2015, September 24). *United Nations General Assembly*. <https://undocs.org/A/RES/70/1>

Qazaqstan Respublikasy Prezidenti (2019) Eldi aumaqtyq-keñistikte damytudyn 2030 jylğa deingi bolzhamdy shemany bekitturaly № 185 Zharlyғы [Decree on Approving the Forecast Scheme for the Territorial-Spatial Development of the Country until 2030, No. 185]. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/U1900000185/compare>

Baibarac-Duignan, C. & de Lange, M. (2021). Controversing the datafied smart city: Conceptualising a 'making-controversial' approach to civic engagement. *Big Data & Society*, 8(2), 1–15. doi:10.1177/20539517211025557

Rosol, M. & Blue, G. (2022). From the smart city to urban justice in a digital age. *City*, 26(4), 684–705. doi:10.1080/13604813.2022.2079881

Fu, W., Luo, C. & He, S. (2022). Does Urban Agglomeration Promote the Development of Cities? An Empirical Analysis Based on Spatial Econometrics. *Sustainability*, 14(21), 1–23. <https://doi.org/10.3390/su142114512>

Yargina Z. N. (1991) Estetika goroda [Aesthetics of the City]. Moscow: Stroizdat. <https://elima.ru/books/?id=5575>

Kolehmainen, J. (2003). *Territorial agglomeration as a local innovation environment: the case of a digital media agglomeration in Tampere, Finland* (MIT IPC-LIS Working Paper 03-002). University of Tampere, Research Unit for Urban and Regional Development Studies (Sente). <https://www.files.ethz.ch/isn/28460/LIS03-002.pdf>

Vysokovskii A. A (2005) Pravila zemlepol'zovaniya i zastroiki: rukovodstvo po razrabotke. Opyt vvedeniya pravovogo zonirovaniya v Kyrgyzstane [Land Use and Development Rules: A Guide to Drafting. Experience in Implementing Legal Zoning in Kyrgyzstan]. Bishkek: Ega-Basma. <https://www.hse.ru/data/.pdf>

Allen, J., Scott, A. J. & Storper, M. (2015). The Nature of Cities: The Scope and Limits of Urban Theory. *International Journal of Urban and Regional Research*, 39(1), 1–15. <https://doi.org/10.1111/1468-2427.12134>.

Vneocherednoi XXI sezd KPSS (27 yanvarya – 5 fevralya 1959 goda): stenograficheskii otchet (1959) [The Extraordinary 21st Congress of the CPSU (January 27 – February 5, 1959): Verbatim Report]. *Gospolitizdat*. https://istmat.org/files/uploads/52191/21_sezd._materialy.pdf

Saushkin Yu. G (1961) Osnovy territorial'noi organizatsii narodnogo khozyaistva SSSR [Fundamentals of the Territorial Organization of the National Economy of the USSR]. Moscow: Gospolitizdat. <http://www.econross.ru/files/books2016/Saushkin,%202016.pdf>

Jacobs, J. (1992). *The Death and Life of Great American Cities*. Vintage Books. <https://www.petkovstudio.com/bg/.pdf>

Hall, P. (1988). *Cities of Tomorrow: An Intellectual History of Urban Planning and Design in the Twentieth Century*. Oxford: Basil Blackwell. <https://wellcomecollection.org/works/zyzcy8h2>

Rodionova I. A. (2000) Makrogeografiya promyshlennosti mira [Macrogeography of the World's Industry] – Moscow: Moskovskii litsei. <https://smolgu.ru/upload/iblock/edd/cy9wxe4w57dx2f91o9nlna4q0zp01b40.pdf>

Tkachenko A. A. (1995) Territorial'naya obshchnost' v regional'nom razvitii i upravlenii [Territorial Community in Regional Development and Management]. Tver: Tverizdatel'stvo. https://lms.tversu.ru/eportfolios/380/3_

Soja, E. (2000). *Postmetropolis: Critical Studies of Cities and Regions*. Oxford: Blackwell Publishers. <https://www.scirp.org/reference/referencespapers?referenceid=2392535>

Alaev E. B. (1983) Sotsialno-ekonomicheskaya geografiya: ponyatiino-terminologicheskii slovar [Socio-Economic Geography: Conceptual and Terminological Dictionary]. Moscow: Mir. <http://www.econross.ru/files/books2013/SEG,%20slovar,%202013.pdf>

Khorev B. S. (1981) Territorial'naya organizatsiya obshchestva: aktual'nye problemy regional'nogo upravleniya i planirovaniya v SSSR [Territorial Organization of Society: Current Problems of Regional Management and Planning in the USSR]. Moscow: Mysl'. <https://www.hse.ru/data.doc>

Samarina V. P. (2007) Osobennosti territorial'noi organizatsii naseleniya regionov Severa [Features of the Territorial Organization of the Population in the Northern Regions]. *Vestnik Tyumenskogo gosudarstvennogo universiteta*, vol. 3, pp. 204–212. https://elibrary.ru/jspui/bitstream/ru-tsu/33176/1/vestnikTyumGU_2007_3_204_212.pdf

Batty, M. (2013). *The New Science of Cities*. Cambridge, MA: MIT Press. <https://direct.mit.edu/books/monograph/3422/The-New-Science-of-Cities>

Sonda, G., Coletta, C. & Gabbi, F. (2010). *Urban Plots, Organizing Cities*. Farnham: Ashgate. <https://api.pageplace.de/preview/.epub>

Jacques, E., Neuenfeldt Júnior, A., Francescato, M., Siluk, J. & De Paris, S. (2024). Smart cities and innovative urban management: Perspectives of integrated technological solutions in urban environments. *Heliyon*, 10(6), 1–14. <https://doi.org/10.1016/j.heliyon.2024.e27850>

Semenov V. T., Shtompel N. E. (2018) Model' organizatsii smart-megapolisa na primere g. Khar'kova, v osnovu kotoroi polozhena effektivnaya territorial'no-prostranstvennaya organizatsiya [A Model for Organizing a Smart Megapolis: The Case of Kharkiv Based on Effective Territorial and Spatial Organization]. *Kommunal'noe khozyajstvo gorodov*, vol. 98, pp. 137–145. <http://eprints.kname.edu.ua/21437/>

Ataev Y., Myratgulyev Y., Myradov M. (2025) Gorodskaya sreda i ustoychivoe razvitiye: planirovaniye «umnykh gorodov» i arhitektura dlia komfortnoi gorodskoi zhizni [Urban environment and sustainable development: Planning of «smart cities» and architecture for comfortable urban life]. *Paradigma*, vol. 9, no 3, pp. 47–50. <https://www.elibrary.ru/item.asp?id=83014685>

Golubchikov, O. & Thornbush, M. (2020). Artificial Intelligence and Robotics in Smart City Strategies and Planned Smart Development. *Smart Cities*, 3(4), 1133–1144. <https://doi.org/10.3390/smartcities3040056>

Agboola, O.P. (2024). The role of artificial intelligence in enhancing design innovation and sustainability. *Smart Design Policies*, 1(1), 6–14. <https://doi.org/10.25034/smart-v1n1-2>

The Next Wave of Urban Development: Investing In Smart City Infrastructure and Technology. (2026). *Astana International Financial Centre*. <https://aifc.kz/wp-content/uploads/2026/01/eng-smart-city-aifc-2026.pdf>

International recommendations for urban and territorial planning. (2015). *United Nations Human Settlements Programme*. https://unhabitat.org/sites/default/files/download-manager-files/IG-UTP_English.pdf

Qazaqstan Respublikasy Ukimeti. (2024) Almaty oblysy Alatau qalasynyñ bas jospary turaly (negizgi erejelerdi qosa alǵanda) № 388 qaulysy [On the master plan of Alatau city of Almaty region (including the main provisions). Resolution No. 388 of the Government of the Republic of Kazakhstan dated May 17, 2024]. <https://adilet.zan.kz/rus/docs/P2400000388>

Toqayev Q. K. (2025) «Zhasandy intellekt daıirindegi Qazaqstan: ózekti máseleler zhane ony tubegeili tsifrlıy ózgerister arqyly sheshu» [Artificial Intelligence Era in Kazakhstan: Current Issues and Their Solution Through Radical Digital Transformation] <https://www.akorda.kz/kz/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevty-n-kazakstan-halkyna-zholdauy-zhasandy-intellekt-daurindegi-kazakstan-ozekti-maseleler-zhane-ony-tubegeyli-cifrlık-ozgerister-arkyly-sheshu-881957>

Alatau City. (2026, February 12). *Infrastructure*. <https://alatau.city/ru/infrastructure/>

Авторлар туралы мәлімет:

Лайсханов Шахислам Узакбаевич – PhD, Халықаралық білім беру корпорациясының Ғылым және инновациялар департаментінің директоры, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің География және экология кафедрасының қауымдастырылған профессоры (Алматы, Қазақстан, e-mail: laiskhanov@mail.com).

Қазақбай Дильназ Исатайқызы (жауапты автор) – Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің География және экология кафедрасының магистранты (Алматы, Қазақстан, e-mail: kazakbajdilnaz@gmail.com).

Чингисов Даурен Даулетович – Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрлігі Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитетінің «Жобаларды мемлекеттік ведомстводан тыс сараптау» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының («Мемсараптама» РМҚ) қалаларды жоспарлау құжаттарының экономикалық бөлігін тексеру жөніндегі кеңесші-сарапшысы (Астана, Қазақстан, e-mail: daukaz@mail.ru).

Information about the authors:

Laishkanov Shakhislam Uzakbaevich – PhD, director of the Department of Science and Innovation of the International Educational Corporation, associate professor of the Department of Geography and Ecology of the Abai Kazakh National Pedagogical University (Almaty, Kazakhstan, e-mail: laiskhanov@mail.com).

Kazakbay Dilnaz Isatayqyzy (corresponding author) – Master's student, Department of Geography and Ecology, Abai Kazakh National Pedagogical University (Almaty, Kazakhstan, e-mail: kazakbajdilnaz@gmail.com).

Chingissov Dauren Dauletovich – Consultant-Expert for Reviewing the Economic Section of Urban Planning Documents at the Republican state enterprise «State out of departmental examination of projects» (RSE «Gosexpertiza») of the Committee for Construction and Housing and Communal Services of the Ministry of Industry and Construction of the Republic of Kazakhstan (Astana, Kazakhstan, e-mail: daukaz@mail.ru).

Сведения об авторах:

Лайсханов Шахислам Узакбаевич – PhD, директор департамента науки и инноваций Международной образовательной корпорации, ассоциированный профессор кафедры Географии и экологии Казахского национального педагогического университета имени Абая (Алматы, Казахстан, e-mail: laiskhanov@mail.com).

Қазақбай Дильназ Исатайқызы (ответственный автор) – магистрант кафедры Географии и экологии Казахского национального педагогического университета имени Абая (Алматы, Казахстан, e-mail: kazakbajdilnaz@gmail.com).

Чингисов Даурен Даулетович – консультант-эксперт по проверки экономической части градостроительных документов РГП на ПХВ «Государственная вневедомственная экспертиза проектов» Комитета по делам строительства и жилищно-коммунального хозяйства Министерства промышленности и строительства Республики Казахстан (РГП «Госэкспертиза») (Астана, Казахстан, e-mail: daukaz@mail.ru).

Келіп түсті: 06 қараша 2025 жыл

Қабылданды: 04 наурыз 2026 жыл

Г.Н. Нүсіпова , А. Нұрболқызы* , Ә.Қ. Сарсембаева ,
Г.К. Бидайбекова  Ш.Б. Жумагулов 

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Алматы, Қазақстан

*e-mail: aikenti1987@inbox.ru

ЖЕТИСУ ОБЛЫСЫНЫҢ ГЕОДЕМОГРАФИЯЛЫҚ ТҰРАҚТЫЛЫҒЫ ЕҢБЕК ӘЛЕУЕТІН ЖОСПАРЛАУ МЕН ДАМУДЫҢ НЕГІЗІ РЕТІНДЕ

Мақалада Жетісу облысының аудандары мен қалалары деңгейінде геодемографиялық тұрақтылық пен еңбек әлеуетінің өзара байланысы қарастырылады. Зерттеудің мақсаты – демографиялық үрдістер мен еңбек нарығы көрсеткіштерін интеграциялау арқылы өңірлік еңбек әлеуетінің кеңістіктік дифференциациясын бағалау және аумақтық саясат үшін басым бағыттарды айқындау. Теориялық негіз ретінде геодемографиялық тұрақтылық, еңбек ресурстарының кеңістіктік ұйымдасуы, өңірлік еңбек нарығы және композиттік индекстер жөніндегі отандық және шетелдік зерттеулер талданды.

Зерттеуде ресми статистикалық деректер негізінде интегралды бағалау әдісі қолданылды. Геодемографиялық тұрақтылық индексі (IGU) табиғи өсім, көші-қон және өлім-жітім көрсеткіштерінің нормаланған мәндері арқылы есептелді. Еңбек әлеуеті индексі (LPI) экономикалық белсенділік, жұмыспен қамтылғандардың үлесі, жалдамалы жұмыспен қамтылғандардың үлесі және жұмыссыздық деңгейінің кері нормаланған мәні негізінде анықталды. Осы екі блокты біріктіру арқылы интегралды геодемографиялық-еңбек индексі (IGDTI) ұсынылды.

Нәтижелер Жетісу облысында «ядро–периферия» типіндегі кеңістіктік құрылымның қалыптасқанын көрсетті: Талдықорған қаласы мен Панфилов ауданы жоғары тұрақтылықпен, ал Текелі қаласы мен Қаратал ауданы тәуекелді аумақтар ретінде сипатталды.

Түйін сөздер: геодемографиялық тұрақтылық, еңбек әлеуеті, интегралды индекс, IGU, LPI, IGDTI.

G.N. Nyussupova, A. Nurbolkyzy*,
A.K. Sarsembayeva, G.K. Bidaibekova, Ch.B. Zhumagulov
Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan
*e-mail: aikenti1987@inbox.ru

Geodemographic sustainability of the Zhetysu region as a basis for planning and developing labor potential

This article examines the relationship between geodemographic sustainability and labour potential planning at the district and city level in the Zhetysu region of Kazakhstan. The aim of the study is to assess the spatial differentiation of regional labour potential by integrating demographic and labour-market indicators and to identify priority directions for territorial policy.

The empirical basis consists of official statistics from the Bureau of National Statistics of the Republic of Kazakhstan. The study calculates the geodemographic sustainability index (IGU), the labour potential index (LPI), which combines economic activity, employment, wage employment and the inverse normalized unemployment rate, and the integrated geodemographic-labour index (IGDTI).

The results reveal a clear core-periphery pattern: Taldykorgan city and Panfilov district show high index values, whereas Tekeli city and Karatal district represent areas of increased demographic and labour-market risk.

Keywords: geodemographic sustainability, labour potential, integral index, IGU, LPI, IGDTI.

Г.Н. Нюсупова, А. Нурболкызы*,
А.К. Сарсембаева, Г.К. Бидайбекова, Ш.Б. Жумагулов
Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан
*e-mail: aikenti1987@inbox.ru

Геодемографическая устойчивость Жетысуской области как основа планирования и развития трудового потенциала

В статье рассматривается взаимосвязь геодемографической устойчивости и планирования трудового потенциала на уровне районов и городов Жетысуской области. Цель исследования – на основе интеграции демографических и трудовых показателей оценить пространственную дифференциацию регионального трудового потенциала и определить приоритетные направления территориальной политики.

Информационную базу исследования составили официальные статистические данные Бюро национальной статистики Республики Казахстан. Рассчитаны индекс геодемографической устойчивости (IGU), индекс трудового потенциала (LPI), включающий экономическую активность, занятость, долю наёмной занятости и обратную нормализацию уровня безработицы, а также интегральный геодемографическо-трудовой индекс (IGDTI).

Полученные результаты показывают формирование структуры типа «ядро–периферия»: г. Талдыкорган и Панфиловский район характеризуются высокими значениями, тогда как г. Текели и Каратаевский район относятся к зоне пониженной устойчивости.

Ключевые слова: геодемографическая устойчивость, трудовой потенциал, интегральный индекс, IGU, LPI, IGDTI.

Кіріспе

Қазақстан Республикасының кеңістіктік дамуында демографиялық үрдістер мен еңбек ресурстарының аумақтық құрылымы маңызды рөл атқарады. Халық санының динамикасы, жас-жыныстық құрылым, табиғи өсім және көші-қон бағыттары өңірлердің әлеуметтік-экономикалық даму әлеуетін, еңбек нарығының сыйымдылығын және кадрлық қамтамасыз етілу деңгейін айқындайтын негізгі факторлардың бірі болып табылады (Нүсіпова, 2018; Нүсіпова және Қайырбеков, 2019). Демографиялық өзгерістер еңбек ресурстарының қалыптасуына, олардың аумақтық таралуына және өңірлік еңбек нарығының құрылымына тікелей әсер етеді.

Соңғы жылдары урбандалу, ішкі көші-қон және өңірлік теңсіздіктің күшеюі Қазақстанның көптеген аймақтарында геодемографиялық жағдайдың өзгеруіне алып келуде. Бұл үрдістер еңбек ресурстарының аумақтық қайта бөлінуіне, халықтың экономикалық белсенді бөлігінің ірі қалалар мен экономикалық орталықтарға шоғырлануына және кейбір өңірлерде еңбек ресурстарының тапшылығының қалыптасуына әсер етеді.

Жаһандану жағдайында өңірлік еңбек әлеуетін тиімді басқару демографиялық және экономикалық процестердің өзара байланысын кешенді түрде қарастыруды талап етеді. Қазіргі ғылыми әдебиеттерде еңбек ресурстарының кеңістіктік таралуы, өңірлік еңбек нарығының

қалыптасуы және халықтың демографиялық трансформациясы мәселелері экономикалық география мен демография ғылымдарының маңызды зерттеу бағыттарының бірі болып табылады. Сонымен қатар халықтың қартаюы, көші-қон ағымдарының күшеюі және урбандалу процестері өңірлік еңбек нарықтарының тұрақтылығына елеулі ықпал етеді (Böhme et al., 2019; Nicolini et al., 2022).

Қазақстан жағдайында өңірлік демографиялық даму мен еңбек әлеуетінің қалыптасу ерекшеліктерін зерттеу соңғы жылдары өзектілігін арттыра түсуде. Ел аумағында халықтың кеңістіктік орналасуы біркелкі емес және бұл жағдай өңірлердің әлеуметтік-экономикалық даму деңгейінің айырмашылықтарына алып келеді (Ахметов, 2018). Мұндай кеңістіктік теңсіздік еңбек ресурстарының аумақтық концентрациясын күшейтіп, кейбір өңірлерде кадрлық тапшылықтың қалыптасуына ықпал етеді.

Жетісу облысы – аграрлық-өнеркәсіптік, көлік-логистикалық және туристік функциялары тоғысқан, геостратегиялық маңызы жоғары өңірлердің бірі. Облыс құрамына 8 аудан және 2 қала кіреді, олардың табиғи-географиялық, әлеуметтік-экономикалық және демографиялық сипаттамалары айтарлықтай әркелкі орналасқан. Кейбір аудандарда ауыл шаруашылығы басым болса, басқа аумақтарда сауда-логистика, туризм және өңдеу өнеркәсібі дамуда (Жетісу облысы әкімдігі, 2023). Осыған байланысты өңір

аумағында демографиялық даму мен еңбек нарығының құрылымы да біркелкі емес.

Ғылыми әдебиеттерде өңірлік еңбек әлеуетін бағалау мәселелері көбінесе экономикалық көрсеткіштер, еңбек өнімділігі және жұмыспен қамту құрылымы тұрғысынан қарастырылады. Алайда геодемографиялық тұрақтылық пен еңбек әлеуетінің өзара байланысын кешенді түрде қарастыратын зерттеулер салыстырмалы түрде аз. Әсіресе Қазақстан жағдайында демографиялық үрдістер мен еңбек нарығы көрсеткіштерін біріктіретін интегралды бағалау әдістері жеткілікті деңгейде зерттелмеген.

Өңірлік дамуды кешенді бағалауда композиттік немесе интегралды индекстер кеңінен қолданылады. Мұндай индекстер әртүрлі әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштерді бір жүйеге біріктіру арқылы аумақтардың даму деңгейін салыстыруға және өңірлік саясаттың басым бағыттарын анықтауға мүмкіндік береді (OECD, 2008; Bandura, 2008). Интегралды көрсеткіштер әдісі өңірлік даму мен еңбек ресурстарының кеңістіктік құрылымын талдауда тиімді құралдардың бірі болып табылады.

Осы тұрғыдан алғанда, Жетісу облысының аудандары мен қалалары деңгейінде геодемографиялық тұрақтылықты сандық бағалау және оны еңбек әлеуетін жоспарлаумен байланыстыру ғылыми және практикалық тұрғыдан маңызды болып табылады. Өңірлік еңбек әлеуетін тиімді жоспарлау демографиялық үрдістер мен экономикалық факторлардың өзара байланысын есепке алуды талап етеді.

Зерттеу сұрағы: Жетісу облысында геодемографиялық тұрақтылық еңбек әлеуетін жоспарлау мен дамытуға қалай әсер етеді және оның аумақтық айырмашылықтары қандай?

Зерттеудің мақсаты – Жетісу облысы өңірлерінің геодемографиялық тұрақтылығын интегралды түрде бағалап, еңбек әлеуетін жоспарлау мен дамыту үшін аумақтық басымдықтарды анықтау.

Осы мақсатқа жету үшін келесі міндеттер қойылды:

1. Геодемографиялық тұрақтылық және еңбек әлеуеті ұғымдарын теориялық-әдіснамалық тұрғыдан нақтылау;
2. Жетісу облысының аудандары мен қалалары бойынша демографиялық және еңбек нарығы көрсеткіштерін талдау;
3. Интегралды геодемографиялық тұрақтылық индексын (бұдан әрі – IGU), еңбек әлеуетінің

интегралды индексын (бұдан әрі – LPI) және оларды біріктіретін интегралды геодемографиялық-еңбек индексын (бұдан әрі – IGDPI) есептеу әдістемесін ұсыну;

4. Жетісу өңірінің аудандары мен қалаларын интегралды индекс деңгейі бойынша жіктеп, олардың кеңістіктік ерекшеліктерін анықтау;

5. Еңбек әлеуетін жоспарлау мен өңірлік саясатты жетілдіруге бағытталған ұсыныстар әзірлеу.

Зерттеудің ақпараттық базасын Қазақстан Республикасы Ұлттық статистика бюросының ресми деректері, демографиялық және еңбек нарығы бойынша статистикалық жинақтар, сондай-ақ отандық және шетелдік ғылыми еңбектер құрайды (Қазақстан Республикасы Ұлттық статистика бюросы, 2025).

Зерттеудің ғылыми жаңалығы Жетісу облысының аудандық деңгейіндегі геодемографиялық үрдістер мен еңбек нарығы көрсеткіштерін біріктіретін интегралды бағалау тәсілін қолданумен байланысты. Ұсынылған әдістеме демографиялық даму мен еңбек әлеуетінің өзара байланысын сандық тұрғыдан бағалауға, өңірлердің кеңістіктік дифференциациясын анықтауға және аумақтық даму басымдықтарын айқындауға мүмкіндік береді (Greco et al., 2019; Буракова, 2020).

Әдебиеттерге шолу

Геодемографиялық тұрақтылық пен өңірлік еңбек әлеуетінің өзара байланысын зерттеу қазіргі экономикалық география, демография және өңірлік даму теорияларының тоғысында қалыптасқан ғылыми бағыттардың бірі болып табылады. Бұл мәселелер шетелдік ғылыми әдебиеттерде геодемография, кеңістіктік демография, өңірлік еңбек нарықтары және әлеуметтік-экономикалық дамудың интегралды индекстері шеңберінде кеңінен қарастырылады (Iammarino, Rodríguez-Pose & Storper, 2019; Rodríguez-Pose, 2018).

Халықтың көші-қон қозғалысы мен демографиялық өзгерістердің аумақтық құрылымын түсіндіретін теориялық зерттеулерде көші-қон процестері еңбек нарығы мен экономикалық даму арасындағы өзара байланыстың маңызды факторы ретінде қарастырылады. Демографиялық өзгерістер мен еңбек ресурстарының мобильділігі өңірлердің экономикалық даму деңгейіне тікелей ықпал етеді (Böhme, Growe &

Schneider, 2019; Nicolini, Pellegrini & Beltrami, 2022).

Геодемография ғылымы халықтың әлеуметтік-демографиялық сипаттамалары мен олардың кеңістіктік таралу заңдылықтарын зерттеуге бағытталған. Геодемографиялық зерттеулердің маңызды бағыттарының бірі – аумақтарды халықтың әлеуметтік-экономикалық және демографиялық көрсеткіштері негізінде топтастыруға бағытталған геодемографиялық жіктеу әдістері болып табылады. Мұндай тәсілдер халық санағы деректері негізінде аумақтардың әлеуметтік-демографиялық типологиясын анықтауға мүмкіндік береді (Singleton & Spielman, 2014; Gale, Singleton & Bates, 2016).

Соңғы жылдары геодемографиялық зерттеулердің мазмұны кеңейіп, халық құрылымымен қатар еңбек нарығының кеңістіктік ұйымдасуы да зерттелуде. Еуропалық зерттеулерде еңбекке бару-келу ағындары, жұмыс орындарының орналасуы және экономиканың секторлық құрылымы сияқты көрсеткіштер біріктіріліп, еңбек нарығының кеңістіктік құрылымы талданады (Gale, Singleton & Bates, 2016).

Кеңістіктік демографиялық өзгерістердің өңірлік еңбек нарықтарына әсерін зерттеу Еуропа елдерінде кең таралған ғылыми бағыттардың бірі болып табылады. Германия аймақтары бойынша жүргізілген зерттеулерде халықтың қартаюы мен жастық құрылымдағы өзгерістердің еңбек нарығына әсері талданып, жұмыс күшінің орташа жасының өсуі еңбек нарығының құрылымына ықпал ететіні анықталған (Böhme et al., 2019). Сонымен қатар Еуропалық Одақ аймақтары бойынша жүргізілген зерттеулерде демографиялық өзгерістер өңірлік экономикалық өсудің маңызды факторларының бірі ретінде қарастырылады (Nicolini et al., 2022).

Өңірлік даму теориясында демографиялық факторлар мен адам капиталы экономикалық өсудің негізгі драйверлерінің бірі болып табылады. Экономикалық географияда өңірлік теңсіздіктер, еңбек ресурстарының мобильділігі және экономикалық белсенділіктің кеңістіктік шоғырлануы мәселелері кеңінен зерттеледі (Rodríguez-Pose, 2018; Iammarino et al., 2019). Сонымен қатар инфрақұрылымның дамуы мен адам капиталының сапасы өңірлік экономикалық өсудің маңызды факторлары ретінде қарастырылады (Crescenzi & Rodríguez-Pose, 2012; Boschma, 2017).

Әлеуметтік-экономикалық дамуды кешенді бағалауда композиттік индекстер кеңінен қолданылады. Композиттік индикаторлар бірнеше әлеуметтік және экономикалық көрсеткіштерді біріктіру арқылы аумақтардың даму деңгейін кешенді бағалауға мүмкіндік береді (Gresco, Ishizaka, Tasiou & Torrisi, 2019). Халықаралық ұйымдар бұл бағытта үлкен тәжірибе жинақтаған. Мысалы, Біріккен Ұлттар Ұйымының Даму бағдарламасы әзірлеген адам даму индексі елдердің әлеуметтік-экономикалық даму деңгейін кешенді бағалауға мүмкіндік береді (UNDP, 2023). Сонымен қатар OECD ұйымының зерттеулерінде композиттік индикаторларды құрудың әдіснамалық негіздері жан-жақты қарастырылған.

Кеңістіктік демография мен еңбек нарығы арасындағы байланыс миграциялық процестер арқылы да көрінеді. Урбандалу үдерістерінің күшеюі көптеген елдерде ауылдық аумақтардың демографиялық әлсіреуіне, жастардың ірі қалаларға көшуіне және еңбек ресурстарының аумақтық теңсіздігіне алып келеді (ILO, 2022).

Посткеңестік кеңістіктегі өңірлік демографиялық процестер мен еңбек ресурстары мәселелері ресейлік және қазақстандық зерттеушілердің еңбектерінде қарастырылған. Ресейлік ғылыми әдебиеттерде өңірлік демографиялық өзгерістер, халықтың қартаюы және еңбек ресурстарының аумақтық теңсіздігі мәселелері кеңінен зерттеледі (Зубаревич, 2019; Нигматуллин, 2018; Татаркин, 2016). Сонымен қатар кеңістіктік экономика теориясында өңірлік даму мен демографиялық процестердің өзара байланысы талданады.

Қазақстандық ғылыми әдебиеттерде геодемографиялық даму және өңірлік демографиялық ерекшеліктер мәселелері бірқатар зерттеулерде қарастырылған. Бұл бағыттағы еңбектерде халықтың табиғи қозғалысы, көші-қон процестері және өңірлік демографиялық айырмашылықтар талданады (Жолдасбаева және Төлеубаева, 2022). Алайда Қазақстан өңірлеріндегі геодемографиялық тұрақтылық пен еңбек әлеуетін интегралды индекстер негізінде кешенді бағалау мәселесі жеткілікті деңгейде зерттелмеген.

Қазіргі геодемографиялық зерттеулерде геоақпараттық жүйелер маңызды рөл атқарады. ГАЖ-технологиялар демографиялық және әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштердің кеңістіктік дифференциациясын визуализациялауға

және аумақтық теңсіздіктерді картографиялық тұрғыдан көрсетуге мүмкіндік береді (Singleton & Spielman, 2014).

Осылайша, халықаралық зерттеулер геодемографиялық жіктеулерді, еңбек нарығының кеңістіктік талдауын және интегралды индекстерді жеке-жеке қарастырады. Алайда көпшілік жұмыстарда демографиялық тұрақтылық пен еңбек әлеуеті біріктірілген кешенді көрсеткіш ретінде қарастырылмайды.

Сонымен қатар, қолданыстағы индекстер көбіне ұлттық деңгейде есептеліп, аудандық деңгейдегі кеңістіктік дифференциацияны толық ашпайды.

Қазақстан жағдайында, әсіресе облыстық және аудандық деңгейде геодемографиялық тұрақтылық пен еңбек әлеуетін интеграциялайтын әмбебап көрсеткіштер жеткіліксіз зерттелген. Осыған байланысты, бұл зерттеуде ұсынылған интегралды геодемографиялық-еңбек индексі (IGDTI) халықаралық әдістерді өңірлік деңгейге бейімдей отырып, ғылыми олқылықты толықтыруға бағытталған.

Әдістеме

Жетісу облысы аудандары мен қалаларының еңбек әлеуетін жоспарлау мен дамыту үшін аумақтық айырмашылықтарды сандық түрде бағалау мақсатында интегралды геодемографиялық-еңбек индексі (IGDTI) қолданылды. Ұсынылған индекс өңірдегі демографиялық үрдістер мен еңбек нарығы жағдайын біріктіретін кешенді көрсеткіш болып табылады.

Индекстің әдіснамалық негізі еңбек әлеуетін екі өзара байланысты өлшемде қарастыруға негізделеді:

- еңбек ресурстары қорының қалыптасуы (демографиялық қайта өндірілу және көші-қон арқылы);

- еңбек әлеуетінің іске асу мүмкіндігі (еңбек нарығындағы тәуекелдер, яғни жұмыссыздық деңгейі арқылы).

Осылайша интегралды индекс демографиялық тұрақтылық пен еңбек нарығының жағдайын бір өлшемде біріктіріп, аумақтық айырмашылықтарды салыстыруға және өңірлердің типологиясын жасауға мүмкіндік береді. Мұн-

дай интегралды көрсеткіштер өңірлік әлеуметтік-экономикалық талдауларда кеңінен қолданылады және күрделі көпфакторлы құбылыстарды кешенді бағалауға мүмкіндік береді (OECD, 2008).

Зерттеуде Қазақстан Республикасы Ұлттық статистика бюросының ресми деректері пайдаланылды (stat.gov.kz). Әкімшілік-аумақтық бірліктер бойынша халық санының динамикасы Алматы облысы құрамындағы аудандар үшін 2000–2021 жылдар аралығында, ал Жетісу облысы бойынша 2022–2024 жылдар аралығында талданды. Сонымен қатар 2025 жылғы 1 қаңтардағы халық саны өзгерісінің негізгі компоненттері – табиғи өсім, көші-қон сальдосы және еңбек нарығының негізгі көрсеткіші болып табылатын жұмыссыздық деңгейі қолданылды. Жұмыссыздық деңгейін есептеу Халықаралық еңбек ұйымының әдістемесіне сәйкес жүргізілді (ILO, 2022).

Зерттеу әдістемесі үш негізгі кезеңнен тұрады:

1. 2000–2024 жылдар аралығындағы халық саны динамикасын салыстырмалы талдау;

2. 2025 жылғы 1 қаңтардағы демографиялық өзгерістердің құрылымын бағалау (табиғи өсім және көші-қон);

3. аудандық деңгейде геодемографиялық тұрақтылық индексын есептеу және еңбек әлеуетін аумақтық жоспарлау тұрғысынан талдау.

Интегралды индекстерді құру әдістемесі халықаралық тәжірибеде кеңінен қолданылатын композиттік индекстерді есептеу қағидаттарына негізделеді. Атап айтқанда, OECD ұйымының композиттік индекстер құру жөніндегі әдістемелік ұсынымдары (OECD, 2008), көпөлшемді бағалау әдістері (Greco et al., 2019) және UNDP-ның адам даму индексын есептеу принциптері пайдаланылды (UNDP, 2023). Сонымен қатар көші-қон процестерінің өңірлік демографиялық дамуға әсерін түсіндіруде Э. Лидің көші-қон теориясының негізгі қағидалары ескерілді (Lee, 1966).

Зерттеуде интегралды индекс екі негізгі құрамдас бөліктен тұрады:

- геодемографиялық тұрақтылық индексі (IGU);

- еңбек әлеуеті индексі (LPI).

Геодемографиялық тұрақтылық индексі есептеу

Геодемографиялық тұрақтылық индексі демографиялық процестердің еңбек ресурстарының қалыптасуына әсерін сипаттайды және келесі формула бойынша есептеледі:

$$IGU_i = 0.50 \times n_i^{norm} + 0.30 \times m_i^{norm} + 0.20 \times d_i^{norm}$$

мұнда: n_i^{norm} – табиғи өсім коэффициентінің нормаланған мәні; m_i^{norm} – көші-қон сальдосының нормаланған мәні; d_i^{norm} – өлім-жітім коэффициентінің кері нормаланған мәні.

Салмақ коэффициенттері ғылыми әдебиеттердегі композиттік индекстерді қалыптастыру тәжірибесіне (OECD, 2008; World Bank, 2020) сүйене отырып және зерттеудің мақсаттарына сәйкес сараптамалық әдіспен анықталды. Геодемографиялық тұрақтылықта табиғи өсім негізгі фактор ретінде (0.50), көші-қон (0.30), өлім-жітім (0.20) ескерілді. Ал еңбек әлеуетінде жұмыссыздық (0.40), экономикалық белсенділік (0.30) және жұмыспен қамтылу (0.30) теңгерімді түрде енгізілді.

Индикаторларды нормализациялау

Көрсеткіштер әртүрлі өлшем бірліктерінде берілгендіктен оларды салыстырмалы бағалау үшін Min–Max нормализация әдісі қолданылды (OECD, 2008).

Оң бағыттағы индикаторлар үшін (мәні жоғарылаған сайын жағдай жақсарады) нормализация келесі формула бойынша жүргізілді:

$$x_i^{norm} = \frac{(x_i - x_{min})}{(x_{max} - x_{min})}$$

Бұл топқа табиғи өсім коэффициенті және көші-қон сальдосы жатады.

Теріс бағыттағы индикаторлар үшін (мәні жоғарылаған сайын жағдай нашарлайды) кері нормализация қолданылды:

$$x_i^{norm} = \frac{(x_{max} - x_i)}{(x_{max} - x_{min})}$$

Бұл топқа өлім-жітім коэффициенті және жұмыссыздық деңгейі жатады.

Нормализация нәтижесінде барлық көрсеткіштер 0–1 аралығындағы шкалаға келтіріледі.

Еңбек әлеуеті индексі есептеу

Еңбек әлеуетін сандық бағалау үшін зерттеуде интегралды еңбек әлеуеті индексі (Labour Potential Index – LPI) қолданылды. Бұл индекс өңірдегі еңбек ресурстарының қалыптасу деңгейін және олардың экономикалық қызметке тартылу тиімділігін кешенді түрде сипаттайды.

Еңбек әлеуеті көпқұрамды әлеуметтік-экономикалық категория болғандықтан, оны бағалау барысында еңбек нарығының негізгі үш индикаторы тандалды:

экономикалық белсенді халықтың үлесі (EA);

жұмыспен қамтылғандар үлесі (EMP);

жұмыссыздық деңгейі (UR).

Бұл көрсеткіштер еңбек ресурстарының сандық және сапалық сипаттамаларын толық қамтиды және Халықаралық еңбек ұйымының (ILO, 2022) әдіснамасына сәйкес еңбек нарығын бағалаудың базалық индикаторлары болып табылады.

Көрсеткіштердің өлшем бірліктері әртүрлі болғандықтан, оларды салыстырмалы формаға келтіру үшін Min–Max нормализация әдісі қолданылды (OECD, 2008).

Теріс бағыттағы индикатор – жұмыссыздық деңгейі үшін кері нормализация қолданылды:

$$UR_i^{inv} = 1 - \frac{UR_i - UR_{min}}{UR_{max} - UR_{min}}$$

Осылайша барлық көрсеткіштер 0 мен 1 аралығындағы шкалаға келтірілді.

Интегралды еңбек әлеуеті индексі келесі формула бойынша есептеледі:

$$LPI_i = 0.40 \times UR_i^{inv} + 0.30 \times EA_i^{norm} + 0.30 \times EMP_i^{norm}$$

Мұндағы салмақ коэффициенттері еңбек нарығының құрылымын ескере отырып анықталды. Жұмыссыздық деңгейіне (0.40) жоғары салмақ берілуі оның еңбек әлеуетін іске асырудағы негізгі шектеуші фактор ретінде қарастырылуымен түсіндіріледі. Ал экономикалық белсенділік пен жұмыспен қамтылу көрсеткіштері (әрқайсысы 0.30) еңбек ресурстарының нарыққа қатысу деңгейін сипаттайды.

Ұсынылған тәсіл еңбек ресурстарының тек сандық көлемін ғана емес, олардың экономикалық жүйеге тартылу тиімділігін де бағалауға

мүмкіндік береді. Бұл өз кезегінде өңірлік еңбек нарығының жағдайын кешенді талдауға және аумақтар арасындағы айырмашылықтарды анықтауға жағдай жасайды.

Интегралды геодемографиялық-еңбек индексі есептеу

Геодемографиялық және еңбек факторларын біріктіру үшін интегралды геодемографиялық-еңбек индексі есептеледі:

$$IGDTI_i = 0.60 \times IGU_i + 0.40 \times LPI_i$$

Бұл модельде демографиялық компонентке басымдық беріледі (0.60), өйткені еңбек ресурстарының ұзақ мерзімді қалыптасуы халықтың табиғи қозғалысы мен көші-қон үрдістеріне тәуелді. Сонымен қатар еңбек нарығы жағдайы еңбек әлеуетінің нақты іске асуына тікелей әсер ететіндіктен еңбек әлеуеті индексі де маңызды үлеспен енгізілді (UNDP, 2023).

Индекс интерпретациясы

Есептелген IGDTI мәндері аудан/қалаларды салыстыру және картаға түсіру үшін 4 сыныпқа бөлінеді: төмен – орташа төмен – орташа жоғары – жоғары.

Нормализация салыстырмалы сипатқа ие болғандықтан индекс мәндері ең алдымен өңір ішіндегі салыстыру үшін тиімді. Басқа өңірлермен салыстыру жүргізу үшін бірдей деректер базасы қолданылуы қажет. Сонымен қатар сал-

мақ коэффициенттері эксперттік-аналитикалық негізде таңдалған және қажет болған жағдайда сезімталдық талдауы арқылы тексерілуі мүмкін.

Нәтижесі

Халық санының динамикасы

Жүргізілген талдау Жетісу облысында соңғы жылдары халық санының жалпы өсімі сақталғанымен, оның аумақтық таралуы біркелкі емес екенін көрсетті. Өңірлік орталық болып табылатын Талдықорған қаласында, сондай-ақ шекаралық және туристік әлеуеті бар Панфилов және Алакөл аудандарында халық санының өсу қарқыны айқын байқалады. Керісінше, Қаратал ауданы мен Текелі қаласында демографиялық өсім баяулап, көші-қон теңгерімінің теріс болуы халық саны динамикасына әсер етеді. Мұндай аумақтық дифференциация демографиялық дамудың кеңістіктік ерекшеліктерімен түсіндіріледі.

Ауылдық аудандарда туу деңгейі салыстырмалы түрде жоғары болғанымен, еңбекке қабілетті жастағы халықтың ірі қалалар мен экономикалық орталықтарға көшуі демографиялық құрылымның өзгеруіне ықпал етеді. Бұл құбылыс жастық-жыныстық құрылымның трансформациясына және демографиялық жүктеменің артуына әкелуі мүмкін. Мұндай көші-қон үдерістері еңбек ресурстарының аумақтық қайта бөлінуінің маңызды факторларының бірі болып табылады (Нигматуллин, 2018)

1-кесте

Жетісу облысының аудандары мен қалаларындағы халық саны (2000–2024 жж., жыл басы)

Әкімшілік бірлік	2000 ж.	2005 ж.	2010 ж.	2015 ж.	2020 ж.	2024 ж.	2000–2024, %
Ақсу	44 300	38 364	39 081	40 621	38 569	35 226	-20,5
Алакөл	79 600	76 741	69 782	70 930	68 886	73 483	-7,7
Ескелді	48 300	48 970	50 267	48 939	45 763	51 076	5,7
Қаратал	46 500	50 115	47 805	48 027	46 676	39 155	-15,8
Кербулак	53 300	51 308	48 309	49 876	48 150	42 296	-20,6
Көксу	40 100	39 230	38 738	40 570	41 038	41 634	3,8
Панфилов	113 700	116 223	114 372	124 695	130 011	134 212	18,0
Сарқан	47 600	43 768	41 227	40 139	35 664	38 874	-18,3
Талдықорған	116 600	125 279	148 778	162 392	175 181	207 628	78,1
Текелі	25 100	24 758	27 529	31 645	33 408	30 816	22,8
Барлығы	615 100	614 756	625 888	657 834	663 346	694 400	12,9

Ескерту: автор құрастырған

Кесте деректері бойынша 2000–2024 жылдар аралығында облыс халқы 615,1 мың адамнан 694,4 мың адамға дейін өсіп, жалпы өсім 12,9%-ды құрады. Ең жоғары өсім Талдықорған қаласында байқалады (+78,1%). Бұл жағдай қаланың әкімшілік-басқару, білім беру және қызмет көрсету салаларының өңірлік орталығы ретінде қалыптасуымен байланысты. Панфилов ауданында да халық санының тұрақты өсуі байқалады (+18,0%), бұл шекаралық сауда мен логистикалық қызметтердің дамуымен түсіндіріледі.

Сонымен қатар Ақсу, Кербұлақ және Сарқан аудандарында халық санының төмендеуі бай

қалады. Мұндай үрдіс урбандалу үдерістерінің күшеюімен және еңбек ресурстарының экономикалық белсенді орталықтарға көшуімен байланысты.

Геодемографиялық тұрақтылық индексі

Жетісу облысының аудандары мен қалалары бойынша демографиялық тұрақтылықты бағалау мақсатында интегралды геодемографиялық тұрақтылық индексі (IGU) есептелді. Интегралды индекстерді қолдану өңірлік демографиялық процестерді кешенді бағалауға және аумақтардың демографиялық даму деңгейін салыстырмалы түрде талдауға мүмкіндік береді.

2-кесте

Жетісу облысының аудандары мен қалалары бойынша интегралды геодемографиялық тұрақтылық индексі (01.01.2025 ж.)

Әкімшілік бірлік	Туу коэф., ‰	Өлім-жітім коэф., ‰	Табиғи өсім коэф., ‰	Көші-қон сальдосы, адам	Көші-қон коэф. (есеп), ‰	IGU интегралды геодемографиялық тұрақтылық индексі (0-1)
Талдықорған қаласы	17.88	6.58	11.29	1244	6.04	0,805
Текелі қаласы	12.66	11.34	1.32	-332	-10.72	0,203
Ақсу ауданы	15.88	7.19	8.69	-1651	-46.00	0,395
Алакөл ауданы	14.46	7.07	7.38	-1755	-23.69	0,483
Ескелді ауданы	16.22	8.69	7.53	-1360	-26.39	0,416
Кербұлақ ауданы	18.47	7.69	10.78	-1753	-40.83	0,478
Көксу ауданы	16.72	7.05	9.67	-874	-20.88	0,578
Қаратал ауданы	15.38	9.94	5.44	-972	-24.59	0,312
Панфилов ауданы	21.64	5.60	16.04	-2406	-17.92	0,862
Сарқан ауданы	16.74	8.14	8.60	-905	-25.26	0,478

Ескерту: автор құрастырған

Есептеу нәтижелері облыс аумақтарында геодемографиялық тұрақтылықтың айқын аумақтық айырмашылықтары бар екенін көрсетті. Ең жоғары индекс мәндері Панфилов ауданында (0,862), Талдықорған қаласында (0,805) және Көксу ауданында (0,578) байқалады. Бұл аумақтарда табиғи өсім деңгейі салыстырмалы жоғары және демографиялық құрылым тұрақты. Демографиялық өсім мен көші-қон процестерінің үйлесімі өңірлік тұрақтылықтың маңызды көрсеткіші болып табылады.

Орташа деңгейдегі тұрақтылық Алакөл, Сарқан, Кербұлақ және Ескелді аудандарында анықталды. Бұл аудандарда табиғи өсім сақталғанымен, көші-қонның теріс теңгерімі демографиялық тұрақтылықты әлсіретеді.

Ең төмен индекс мәндері Ақсу, Қаратал аудандарында және Текелі қаласында байқалады.

Бұл аумақтарда көші-қон шығыны жоғары және демографиялық өсім деңгейі салыстырмалы түрде төмен, бұл өңірлік демографиялық дамудың кеңістіктік теңсіздігін көрсетеді.

Еңбек әлеуеті индексі

Жетісу облысының еңбек нарығы көрсеткіштері негізінде еңбек әлеуетінің интегралды индексі (LPI) есептелді. Еңбек әлеуеті ұғымы халықтың экономикалық белсенділігі, жұмыспен қамтылуы және еңбек ресурстарының сапалық сипаттамалары арқылы анықталады (Римашевская, 2009; Медков, 2014). Өңірлік еңбек нарығын бағалау кезінде халықтың экономикалық белсенділік деңгейі, жұмыспен қамтылғандар үлесі және жұмыссыздық көрсеткіштері негізгі индикаторлар ретінде қарастырылады (ILO, 2022).

3-кесте

01.01.2025 жыл бойынша Жетісу облысы аудандары мен қалаларының еңбек әлеуеті индексі (LPI)

№	Әкімшілік бірлік	Экономикалық белсенділік, %	Жұмыссыздық деңгейі, %	Жұмыспен қамтылғандар үлесі, %	LPI -еңбек әлеуеті индексі
1	Талдықорған қаласы	89,6	3,8	86,2	1,000
2	Панфилов ауданы	57,5	4,7	54,8	0,588
3	Сарқан ауданы	24,1	4,7	22,9	0,325
4	Текелі қ.	13,6	4,5	13,0	0,278
5	Алакөл ауданы	35,2	5,5	33,3	0,273
6	Қаратал ауданы	19,1	4,8	18,2	0,269
7	Көксу ауданы	16,1	4,7	15,4	0,263
8	Ақсу ауданы	16,8	5,8	15,8	0,076
9	Ескелді ауданы	21,6	6,1	20,2	0,061
10	Кербұлақ ауданы	17,9	6,0	16,9	0,050

Ескерту: автор құрастырған

3-кесте деректері бойынша еңбек әлеуетінің ең жоғары мәні Талдықорған қаласында (LPI = 1,000) байқалады. Бұл қалада экономикалық белсенді халықтың үлесі (89,6%) мен жұмыспен қамтылу деңгейі (86,2%) жоғары, ал жұмыссыздық деңгейі ең төмен (3,8%). Мұндай комбинация еңбек ресурстарының жоғары тиімділікпен пайдаланылып отырғанын көрсетеді және қаланың өңірлік еңбек нарығының негізгі орталығы екенін дәлелдейді.

Панфилов ауданы да салыстырмалы жоғары еңбек әлеуетімен ерекшеленеді (LPI = 0,588). Мұнда экономикалық белсенділік пен жұмыспен қамтылу көрсеткіштері ортадан жоғары деңгейде, алайда жұмыссыздықтың салыстырмалы жоғары болуы еңбек әлеуетінің толық іске асуына белгілі бір шектеу қояды. Бұл аудан үшін басты бағыт – жаңа жұмыс орындарын құру арқылы демографиялық әлеуетті экономикалық тиімділікке айналдыру.

Орташа деңгейдегі LPI мәндері Сарқан (0,325), Текелі (0,278), Алакөл (0,273), Қаратал (0,269) және Көксу (0,263) аудандарына тән. Бұл аумақтарда еңбек ресурстары бар болғанымен, олардың еңбек нарығында іске асу тиімділігі шектеулі. Әсіресе ауыл шаруашылығының басымдығы, экономиканың жеткіліксіз әртараптандырылуы және тұрақты жұмыс орындарының тапшылығы еңбек әлеуетін толық пайдалануға кедергі келтіреді.

Ең төмен еңбек әлеуеті Ақсу (0,076), Ескелді (0,061) және Кербұлақ (0,050) аудандарында тіркелді. Бұл аудандарда экономикалық белсенді-

лік деңгейі төмен, жұмыспен қамту жеткіліксіз және жұмыссыздық деңгейі жоғары, нәтижесінде еңбек ресурстарының едәуір бөлігі толық іске асырылмай отыр. Мұндай жағдай ұзақ мерзімді перспективада еңбек әлеуетінің әлсіреуіне және көші-қон ағындарының күшеюіне әкелуі мүмкін.

Интегралды геодемографиялық-еңбек индексі

Геодемографиялық тұрақтылық индексі мен еңбек әлеуеті индексін біріктіру арқылы интегралды геодемографиялық-еңбек индексі (IGDTI) есептелді. Мұндай интегралды тәсіл демографиялық және экономикалық факторлардың өзара байланысын кешенді талдауға мүмкіндік береді.

Интегралды геодемографиялық-еңбек индексі (IGDTI) демографиялық тұрақтылық пен еңбек әлеуетін біріктіре отырып, өңірдің кеңістіктік құрылымын неғұрлым толық сипаттайды (4-кесте). Есептеу нәтижелері бойынша IGDTI мәндері 0,233 пен 0,883 аралығында өзгеріп, аймақтың айқын «ядро–периферия» моделін қалыптастыратынын көрсетеді.

IGDTI бойынша ең жоғары көрсеткіш Талдықорған қаласында тіркелді (0,883). Бұл жоғары мән демографиялық тұрақтылықтың (IGU = 0,805) және еңбек әлеуетінің (LPI = 1,000) үйлесімді жоғары деңгейімен түсіндіріледі. Қала өңірлік экономикалық, білім беру және қызмет көрсету орталығы ретінде еңбек ресурстарын тарту мен ұстап қалудың негізгі нүктесі болып табылады.

4-кесте*Жетісу облысы аудандары мен қалалары бойынша интегралды геодемографиялық-еңбек индексі (IGDTI)*

№	Әкімшілік бірлік	IGU	LPI	IGDTI	Тұрақтылық тобы
1	Талдықорған қаласы	0,805	1,000	0,883	Жоғары
2	Панфилов ауданы	0,862	0,588	0,752	Жоғары
3	Көксу ауданы	0,578	0,263	0,452	Орташа жоғары
4	Сарқан ауданы	0,478	0,325	0,417	Орташа жоғары
5	Алакөл ауданы	0,483	0,273	0,399	Орташа төмен
6	Кербұлақ ауданы	0,478	0,050	0,307	Орташа төмен
7	Қаратал ауданы	0,312	0,269	0,295	Орташа төмен
8	Ескелді ауданы	0,416	0,061	0,274	Орташа төмен
9	Ақсу ауданы	0,395	0,076	0,268	Орташа төмен
10	Текелі қаласы	0,203	0,278	0,233	Төмен

Ескерту: автор құрастырған

Панфилов ауданы да жоғары интегралды көрсеткішке ие ($IGDTI = 0,752$). Мұнда демографиялық әлеует өте жоғары болғанымен ($IGU = 0,862$), еңбек нарығы көрсеткіштері салыстырмалы түрде төменірек. Бұл демографиялық артықшылықтың экономикалық артықшылыққа толық айналмағанын көрсетеді және өндірістік-логистикалық инфрақұрылымды дамыту қажеттігін дәлелдейді.

Орташа-жоғары тұрақтылық тобына Көксу (0,452) және Сарқан (0,417) аудандары жатады. Бұл аумақтарда демографиялық база жеткілікті болғанымен, еңбек әлеуетінің деңгейі орташа, сондықтан оларды «тұрақты, бірақ толық іске аспаған әлеует аймақтары» ретінде сипаттауға болады.

Орташа-төмен тұрақтылық Алакөл (0,399), Кербұлақ (0,307), Қаратал (0,295), Ескелді (0,274) және Ақсу (0,268) аудандарында байқалады. Бұл аумақтарда демографиялық және еңбек көрсеткіштері салыстырмалы түрде теңгерімді болғанымен, айқын өсу драйверлері жоқ. Мұндай аудандарда еңбек әлеуетін күшейту үшін экономиканы әртараптандыру, инфрақұрылымды дамыту және жастарды ұстап қалу саясаты маңызды.

Ең төмен $IGDTI$ мәні Текелі қаласында тіркелді (0,233). Бұл қалада демографиялық тұрақтылықтың төмендігі ($IGU = 0,203$) негізгі шектеуші фактор болып табылады, ал еңбек әлеуеті салыстырмалы түрде жоғары болғанымен ($LPI = 0,278$), жалпы интегралды көрсеткішті көтеруге жеткіліксіз. Бұл жағдай монокалаларға тән демографиялық және экономикалық тәуекелдердің қатар әсерін көрсетеді.

Осылайша, алынған нәтижелер Жетісу облысында еңбек әлеуетінің кеңістіктік құрылымы айқын дифференциацияланғанын және оның демографиялық үрдістермен тығыз байланысты екенін дәлелдейді. Интегралды көрсеткіштерді қолдану өңірлік саясатта «өсу нүктелерін», «өтпелі аймақтарды» және «тәуекел аумақтарын» дәл анықтауға мүмкіндік береді.

Зерттеу нәтижелері Жетісу облысының еңбек әлеуетін жоспарлау және өңірлік даму саясатын қалыптастыру кезінде аумақтық ерекшеліктерді ескерудің маңыздылығын көрсетеді (Қазақстан Республикасы Ұлттық статистика бюросы, 2025).

Геодемографиялық даму заңдылықтары

Жүргізілген талдау нәтижелері Жетісу облысында геодемографиялық тұрақтылық пен еңбек әлеуетінің қалыптасуында бірнеше кеңістіктік заңдылықтардың бар екенін көрсетті.

Бірінші заңдылық – халық санының динамикасы мен геодемографиялық тұрақтылық индексінің өзара байланысы. Халық саны тұрақты өсіп отырған аумақтарда геодемографиялық тұрақтылық индексінің мәні жоғары болады (Вишневский, 2010; Нүсіпова, 2018).

Екінші заңдылық – демографиялық тұрақтылық пен еңбек әлеуеті арасындағы байланыс. Демографиялық жағдайы тұрақты аумақтарда еңбек ресурстарының қалыптасуы мен жаңаруы тиімді жүзеге асады (Римашевская, 2009; Медков, 2014).

Үшінші заңдылық – өңірлік орталықтардың еңбек ресурстарын тарту рөлі. Талдықорған

қаласы өңірлік әкімшілік-экономикалық орталық ретінде еңбек ресурстарының негізгі тартылу нүктесі болып табылады (Rodríguez-Pose, 2018).

Осылайша, Жетісу облысында геодемографиялық тұрақтылық пен еңбек әлеуетінің кеңістіктік құрылымы демографиялық үрдістер мен өңірлік экономикалық даму факторларының өзара ықпалы арқылы қалыптасады.


1-сурет мәліметтері IGDТІ көрсеткіштерінің аумақ бойынша біркелкі емес таралғанын және өңірде айқын «ядро-периферия» құрылымының қалыптасқанын

көрсетеді. Жоғары тұрақтылық аймақтары ретінде Талдықорған қаласы мен Панфилов ауданы ерекшеленеді, олар картада жоғары мәндермен айқын көрінеді. Бұл аумақтар демографиялық және еңбек әлеуетінің шоғырланған негізгі өсу нүктелері болып табылады.

Орташа-жоғары тұрақтылық аймақтары Көксу және Сарқан аудандарында байқалады. Бұл аудандарда демографиялық база жеткілікті болғанымен, еңбек әлеуетінің толық іске асуы шектеулі, сондықтан оларды даму резерві бар аумақтар ретінде қарастыруға болады.

1-сурет

Жетісу облысының аудандары мен қалалары бойынша геодемографиялық тұрақтылық және еңбек әлеуеті индекстерінің кеңістіктік таралуы



Ескерту: авторлармен құрастырылған

Орташа-төмен тұрақтылық аймақтарына Алакөл, Кербұлақ, Қаратал, Ескелді және Аксу аудандары жатады. Бұл аумақтар картада аралық түстермен бейнеленіп, олардың даму деңгейінің тұрақты, бірақ әлсіз екенін көрсетеді.

Мұнда еңбек әлеуетін арттыру үшін экономиканы әртараптандыру және инфрақұрылымды дамыту қажет.

Төмен тұрақтылық аймағы ретінде Текелі қаласы ерекшеленеді, ол картада ең төмен

көрсеткішпен көрсетілген. Бұл аумақта демографиялық әлсіздік пен еңбек нарығының шектеулілігі қатар байқалады, бұл оны тәуекел аймағына жатқызуға мүмкіндік береді.

Осылайша, 1-сурет интегралды көрсеткіштердің кеңістіктік үлгісін айқын көрсетіп, кестелік мәліметтерді визуалды түрде толықтырады. Картографиялық талдау нәтижелері Жетісу облысында еңбек әлеуетін жоспарлау аумақтық сараланған тәсілді талап ететінін дәлелдейді.

Жалпы алғанда, алынған нәтижелер өңірдегі еңбек әлеуетінің кеңістіктік ұйымдасуы демографиялық үрдістермен тығыз байланысты екенін көрсетеді. Интегралды индекстерді қолдану өңірлік саясатта «өсу нүктелерін», «өтпелі аймақтарды» және «тәуекел аумақтарын» анықтауға мүмкіндік береді.

Талқылау

IGDTI шкаласы бойынша ең жоғары мәндер Талдықорған қаласы мен Панфилов және Алакөл аудандарында байқалады: Талдықорған қаласы – $IGDTI = 0,883$; Панфилов ауданы – $IGDTI = 0,752$; Көксу ауданы – $IGDTI = 0,452$. Мұндай аумақтық айырмашылықтар өңірлік демографиялық даму мен еңбек ресурстарының кеңістіктік шоғырлануының нәтижесі болып табылады (Iammarino et al., 2019; Rodríguez-Pose, 2018).

Талдықорған қаласының жоғары интегралды индексі екі негізгі фактордың үйлесуімен түсіндіріледі. Біріншіден, қалада табиғи өсім коэффициенті (11,3%) және көші-қонның оң сальдосы (6,0%) нәтижесінде геодемографиялық тұрақтылық индексі $IGU = 0,805$ деңгейінде қалыптасқан. Бұл демографиялық тұрғыдан қаланың өзіндік жаңару әлеуетінің жоғары екенін көрсетеді. Екіншіден, еңбек нарығында экономикалық белсенді халықтың үлесі жоғары, жұмыспен қамтылу деңгейі тұрақты, ал жұмыссыздық салыстырмалы түрде төмен болғандықтан еңбек әлеуеті индексі $LPI = 1,000$ мәнін құрайды. Осы екі компоненттің үйлесуі Талдықорғанды облыстың негізгі геодемографиялық және еңбек ресурстары шоғырланған орталығына айналдырады. Өңірлік даму теориясына сәйкес мұндай орталықтар инновациялық қызметтер мен басқарушылық функциялардың шоғырлану нүктесіне айналады (Rodríguez-Pose, 2018; OECD, 2021).

Панфилов ауданы да IGDТI шкаласы бойынша жоғары көрсеткішке ие (0,744). Бұл жерде $IGU = 0,862$ – облыс бойынша ең жоғары демографиялық индекс. Яғни табиғи өсім жоғары, халықтың жас құрылымы салыстырмалы түрде жас және еңбек жасындағы тұрғындар үлесі басым. Дегенмен еңбек әлеуетінің интегралды индексі $LPI = 0,588$ деңгейінде қалып, жалпы IGDТI мәнін төмендетеді. Бұл өндірістік кәсіпорындар мен жоғары өнімді жұмыс орындарының жеткіліксіздігін көрсетеді. Бұл жағдай «демографиялық артықшылық – экономикалық әлсіздік» типіне жатады. Сондықтан негізгі мәселе – артық еңбек ресурстарының сыртқа кетуі. Бұл тәуекелді азайту үшін ауданның шекаралық орналасуын пайдаланып, логистика, сауда, өңдеу өнеркәсібі және агробизнес кластерлерін дамыту қажет.

Көксу және Сарқан аудандары өтпелі даму типіне жатады. Бұл аумақтарда табиғи өсім оң болғанымен ($IGU = 0,578$ және $0,478$), көші-қонның теріс сальдосы демографиялық тұрақтылықты әлсіретеді. Сонымен қатар LPI мәндерінің орташа деңгейде болуы ($0,263$ және $0,325$) еңбек әлеуетінің толық іске аспағанын көрсетеді. Бұл аудандарда негізгі проблема – экономиканың тар құрылымы және тұрақты жұмыс орындарының жетіспеушілігі. Сондықтан оларды «жасырын әлеуеті бар аумақтар» ретінде қарастыруға болады. Мұнда агроөнеркәсіптік өңдеу, шағын және орта бизнес, жергілікті өндірістерді дамыту арқылы еңбек ресурстарын ұстап қалу мүмкін.

Алакөл ауданы ерекше типті көрсетеді. Мұнда табиғи өсім сақталғанымен ($IGU = 0,483$), көші-қонның теріс сальдосы және маусымдық экономикалық құрылым тұрақтылықты шектейді. $LPI = 0,273$ болуы еңбек нарығының тұрақсыз екенін көрсетеді. Туризмнің дамуы еңбек әлеуетіне әсер еткенімен, оның маусымдық сипаты тұрақты жұмыспен қамтуды қамтамасыз етпейді. Сондықтан негізгі шешім – туризмді маусымдық модельден жыл бойғы қызмет көрсету жүйесіне көшіру, сонымен қатар көлік-логистика және қайта өңдеу секторларын дамыту (Зубаревич, 2019; OECD, 2021).

Кербұлақ ауданы демографиялық әлеует пен экономикалық әлсіздіктің арасындағы ең айқын дисбалансты көрсетеді. Табиғи өсім жоғары болғанымен, көші-қон шығыны өте жоғары, ал $LPI = 0,050$ – ең төмен көрсеткіштердің бірі. Бұл ауданнан еңбек ресурстарының жаппай кетіп

жатқанын көрсетеді. Мұндай жағдайда негізгі мәселе – жұмыс орындарының болмауы. Шешім ретінде ауыл шаруашылығы өнімдерін өңдеу, жергілікті өндірістерді дамыту және инфрақұрылымды жақсарту қажет.

Қаратал ауданы «қос әлсіздік» типіне жатады: $IGU = 0,312$ және $LPI = 0,269$. Бұл жерде демографиялық база да, еңбек нарығы да әлсіз. Мұндай аумақтарда экономикалық және әлеуметтік саясат қатар жүргізілуі тиіс. Атап айтқанда, суармалы егіншілік, агроөнеркәсіптік кешенді дамыту және әлеуметтік инфрақұрылымды күшейту маңызды.

Ескелді және Ақсу аудандары демографиялық база сақталғанымен, еңбек нарығы әлсіз аумақтар болып табылады. Табиғи өсім оң болғанымен, көші-қонның тұрақты теріс сальдосы байқалады. LPI мәндерінің өте төмен болуы (0,061 және 0,076) экономикалық белсенділіктің жеткіліксіздігін көрсетеді. Бұл аудандарда негізгі мәселе – жастардың кетуі. Сондықтан еңбек ресурстарын ұстап қалу үшін жергілікті

жұмыспен қамтуды кеңейту, шағын бизнес пен қызмет көрсету секторын дамыту қажет (Жетісу облысы әкімдігі, 2025).

Текелі қаласы ең күрделі жағдайды көрсетеді. Мұнда демографиялық құлдырау ($IGU = 0,203$) және монофункционалды экономика қатар байқалады. LPI салыстырмалы түрде жоғары болғанымен (0,278), бұл жалпы тұрақтылықты көтеруге жеткіліксіз. Бұл классикалық монокала проблемасы. Шешім ретінде экономиканы әртараптандыру, жаңа өндірістер мен сервистік секторларды дамыту, сондай-ақ халықтың кетуін азайтуға бағытталған саясат қажет.

1-сурет нәтижелері бұл айырмашылықтарды кеңістіктік тұрғыдан толық растайды. Жоғары тұрақтылық аймақтары орталықта шоғырланып, ал төмен тұрақтылық перифериялық аумақтарға тән. Бұл Жетісу облысында «ядро–периферия» құрылымының қалыптасқанын көрсетеді (Қазақстан Республикасы Ұлттық статистика бюросы, 2025).

5-кесте

Аудандар мен қалалардың экономикалық профилі

Аймақ	Басым салалар	Тірек кәсіпорын/нысан (жалпы)
Панфилов ауданы	Шекара маңы сауда–логистика, көлік, қызмет көрсету	Қорғас бағыты (логистикалық тораптар, сервистер)
Алакөл ауданы	Туризм–рекреация (Алакөл), қызмет көрсету; балық шаруашылығы; агросектор	Туристік инфрақұрылым, шағын сервис бизнес
Көксу ауданы	Агроөнеркәсіп (қант қызылшасы), өңдеу өнеркәсібі	Қант өндірісімен байланысты өңдеу/логистика
Ақсу ауданы	Агроөнеркәсіп (қант қызылшасы), өңдеу өнеркәсібі	Қант өндірісімен байланысты өңдеу/логистика
Ескелді ауданы	Ауыл шаруашылығы (егін, мал), өңдеуші секторға шикізат базасы	Агро кооперация және өңдеуші кәсіпорындарға жеткізу тізбегі
Қаратал ауданы	Суармалы егіншілік, агросектор, ШОБ	Агроөнеркәсіптік өндіріс тізбегі (өңдеу/сақтау)
Кербұлақ ауданы	Ауыл шаруашылығы, ШОБ, әртараптандыру жобалары	Инвестициялық жобалар, агро және сервистік сектор
Сарқан ауданы	Ауыл шаруашылығы, ШОБ, сервистер	Агро және сервистік кәсіпкерлік
Талдықорған қаласы	Өңірлік орталық: қызмет көрсету, сауда, құрылыс, өңдеу өнеркәсібі, білім/медицина	Әкімшілік-іскерлік және сервистік хаб (еңбек нарығының тартылу орталығы)
Текелі қаласы	Өнеркәсіптік қала: тау-кен, өңдеу, энергетика, сервистер	Тау-кен/өңдеу дәстүрі (монокалалық тәуекелдермен бірге)

Ескерту: авторлармен құрастырылған.

Экономикалық мамандану еңбек әлеуетінің аумақтық қалыптасуын тікелей айқындайды. Талдықорған қаласында сервистік және әкімшілік функциялар еңбек нарығын кеңейтіп,

мамандарды тартатын орталық рөл атқарады. Панфилов ауданында логистика мен шекаралық сауда жұмыс орындарының құрылымын қалыптастырып, көші-қон тартымдылығына

әсер етеді. Ақсу мен Көксу аудандарындағы агроөңдеу (әсіресе қант қызылшасы тізбегі) маусымдық және тұрақты жұмыспен қамтуды үйлестіре отырып, ауылдық еңбек ресурстарын ұстап қалу құралы бола алады. Алакөл ауданы үшін туризм–рекреация саласы қызмет көрсетуге негізделген жаңа жұмыс орындарын құрудың басты бағыты болса, Текелі қаласы сияқты өнеркәсіптік моноқалаларда еңбек әлеуетін орнықтыру үшін экономиканы әртараптандыру және жоғары өнімді жұмыс орындарын көбейту шешуші рөл атқарады.

Жетісу өңірі үшін басым бағыттар ретінде агроөнеркәсіптік кешенді өңдеу, логистика және қоймалау, құрылыс материалдары өндірісі, туристік сервис, сондай-ақ жаңартылатын энергетика бағыттары қарастырылады. АӨК-өңдеу (қант қызылшасы, сүт-ет, жеміс-көкөніс, дән өнімдері) ауылдық аудандарда еңбек әлеуетін бекітудің маңызды құралдарының бірі болып табылады. Маусымдық жұмысты тұрақты жұмыспен қамтуға айналдыру үшін сақтау-сұрыптау-қаптама инфрақұрылымы, тоңазытқыш қоймалар және сапа сертификаттау жүйесін дамыту қажет. Бұл бағыт Ақсу, Көксу, Ескелді, Қаратал және Кербұлақ аудандарында ауыл шаруашылығы кооперацияларын дамытуға мүмкіндік береді (Татаркин, 2016; Ахметов, 2018).

Панфилов ауданында шекаралық-транзиттік фактор еңбек нарығын әртараптандыруға мүмкіндік береді. Логистикалық-кедендік сервистер, қойма-тарату орталықтары және шағын өңдеу кәсіпорындары жаңа жұмыс орындарын қалыптастыра алады. Мұнда кадрларға қойылатын талаптар негізінен орта біліктілік деңгейіндегі мамандарға бағытталады (қоймашылар, жүргізушілер, экспедиторлар, кедендік брокер көмекшілері) және қауіпсіздік пен сапа стандарттарын сақтаумен байланысты.

Талдықорған қаласы мен оның маңындағы құрылыс белсенділігі инертті материалдар, бетон бұйымдары, құрғақ қоспалар, кірпіш және шағын металл конструкциялар өндірісіне тұрақты сұраныс қалыптастырады. Бұл сала жұмыспен қамту мультипликаторы жоғары және шағын-орта бизнес кооперациясын дамытуға қолайлы.

Алакөл бағыты және таулы рекреациялық ресурстар аудандық экономиканы әртараптандырудың маңызды факторы болып табылады. Туризмнің еңбек әлеуетіне әсері көбінесе маусымдық сипатта болғандықтан, сервисті

«төрт маусым» моделіне көшіру (денсаулық-сауықтыру туризмі, экотуризм, спорттық және мәдени іс-шаралар) қажет. Сонымен қатар жергілікті өнімдермен кооперация құру туризмнің мультипликативтік әсерін күшейтуге мүмкіндік береді (Жетісу облысы әкімдігі, 2025).

Ауылдық және шеткері аумақтарда жаңартылатын энергия көздері жобалары энергия тұрақтылығын арттырып, жергілікті сервистік тізбек арқылы қосымша жұмыспен қамтуды қалыптастырады (монтаж, техникалық қызмет көрсету, логистика). Дегенмен жаңартылатын энергетиканың тікелей жұмыспен қамту әсері салыстырмалы түрде шектеулі болғандықтан, негізгі нәтиже өңдеу және сақтау инфрақұрылымын тұрақты энергиямен қамтамасыз ету арқылы экономикалық белсенділікті арттыру болып табылады (OECD, 2021; IEA, 2022).

Қорытынды

Жетісу облысының аудандық деңгейдегі геодемографиялық тұрақтылығы біркелкі емес екені анықталды. 2000–2025 жылдар аралығында Талдықорған қаласы өңірдің негізгі өсу орталығы ретінде қалыптасып, демографиялық және еңбек әлеуетінің шоғырлану аймағына айналды. Панфилов ауданы демографиялық көрсеткіштер бойынша жоғары әлеуетке ие болғанымен, көші-қонның теріс сальдосы еңбек ресурстарының тұрақтылығына әсер ететін фактор болып отыр. Жалпы алғанда, 2025 жылғы компоненттік талдау табиғи өсімнің барлық аудандарда оң екенін, алайда көші-қон шығындарының көптеген аумақтарда еңбек әлеуетінің әлсіреуіне ықпал ететінін көрсетті (Қазақстан Республикасы Ұлттық статистика бюросы, 2025а; Нүсіпова, 2018; Жолдасбаева және Төлеубаева, 2022).

Зерттеу нәтижелері Жетісу облысының аумақтық құрылымы «ядро–периферия» типіне жақын екенін көрсетті. IGDPI мәндері бойынша Талдықорған қаласы, сондай-ақ Панфилов және Алакөл аудандары демографиялық және еңбек ресурстарын тартатын негізгі орталықтар ретінде айқындалды. Ақсу, Ескелді, Кербұлақ, Көксу және Сарқан аудандары салыстырмалы түрде тұрақты, бірақ инерциялық даму сипатымен ерекшеленеді. Ал Текелі қаласы мен Қаратал ауданы IGDPI бойынша төмен тұрақты аумақтар қатарына жатады, бұл жерде демографиялық құлдырау мен еңбек нарығының

әлсіздігі өзара күшейетін фактор ретінде байқалады.

Жүргізілген талдау интегралды геодемографиялық-еңбек индексінің өңірлік еңбек әлеуетін бағалауда тиімді құрал екенін көрсетті. Индекс табиғи өсім, көші-қон және еңбек нарығы көрсеткіштерін біріктіре отырып, аумақтардың салыстырмалы артықшылықтары мен тәуекелдерін кешенді түрде анықтауға мүмкіндік береді. Бұл өз кезегінде еңбек ресурстарын орналас-тыру, инфрақұрылымды дамыту және инвестициялық басымдықтарды анықтау сияқты өңірлік саясат шешімдерін ғылыми негіздеуге жағдай жасайды (OECD, 2008; Bandura, 2008; Greco et al., 2019).

Сонымен қатар зерттеу нәтижелері еңбек әлеуетін дамытуда экономикалық мамандану маңызды рөл атқаратынын көрсетті. Жетісу облысы үшін агроөнеркәсіптік өңдеу, логистика-қойма инфрақұрылымы, құрылыс материалдары өндірісі, туризм және жаңартылатын энергетика бағыттары өңірлік еңбек ресурстарын тиімді пайдаланудың негізгі факторлары ретінде қарастырылады (Boschma, 2017; Bathelt & Glückler, 2018; OECD, 2021; Жетісу облысы әкімдігі, 2023).

Зерттеу нәтижелері негізінде Жетісу облысының еңбек әлеуетін жоспарлау мен дамыту үшін келесі ұсыныстар берілді:

1. IGDPI индикаторын өңірлік мониторинг жүйесіне енгізу.

Демографиялық және еңбек процестерін тұрақты бақылау мақсатында индексті жыл сайын есептеп, өңірлік даму бағдарламаларына енгізу ұсынылады (OECD, 2008; Burlakova, 2020).

2. Жоғары IGDPI бар аумақтарды өсу полюстері ретінде дамыту.

Талдықорған қаласы, Панфилов және Алакөл аудандарында жоғары қосылған құны бар өндірістер мен сервистік секторды дамыту қажет (Ахметов, 2018; OECD, 2021; Farole & Rodríguez-Pose, 2015).

3. Орташа тұрақты аудандарда экономиканы өртартапандыру.

Ақсу, Ескелді, Кербұлақ, Көксу және Сарқан аудандарында агроөнеркәсіптік өңдеу, ауыл сервистері және шағын кәсіпкерлікті дамыту маңызды (Barca et al., 2012; Boschma, 2017;).

4. Төмен IGDPI бар аумақтарды мақсатты қолдау.

Текелі қаласы мен Қаратал ауданында инфрақұрылымды дамыту, инвестициялық ынталандыру және әлеуметтік сала мамандарын тарту шараларын күшейту қажет (Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі, 2023).

5. Көші-қон саясатын еңбек әлеуетін жоспарлаумен үйлестіру.

Жастар мен білікті мамандарды өңірде ұстап қалу және жаңа еңбек ресурстарын тарту шараларын IGDPI кеңістіктік үлгісімен байланыстыру қажет.

Ғылыми жаңалығы

Зерттеудің ғылыми жаңалығы Жетісу облысының аудандық деңгейіндегі геодемографиялық тұрақтылық пен еңбек әлеуетінің өзара байланысын интегралды индекстік тәсіл арқылы кешенді бағалауда көрінеді. Зерттеу барысында алғаш рет өңірлік деңгейде демографиялық үдерістер мен еңбек нарығы көрсеткіштерін біріктіретін интегралды геодемографиялық-еңбек индексі (IGDPI) есептеліп, оның кеңістіктік таралу ерекшеліктері анықталды (OECD, 2008; Bandura, 2008; Greco et al., 2019).

Сонымен қатар Жетісу облысының аудандары мен қалаларының геодемографиялық тұрақтылығы «ядро–периферия» үлгісі негізінде талданып, еңбек әлеуетінің аумақтық шоғырлану заңдылықтары айқындалды. Индекстік талдау нәтижесінде өңірдегі демографиялық өсім мен көші-қон үдерістерінің еңбек ресурстарының қалыптасуына әсері жүйелі түрде бағаланып, еңбек әлеуетін жоспарлаудың кеңістіктік ерекшеліктері анықталды (Минакир, 2017; Rodríguez-Pose, 2018; Нүсіпова, 2018).

Практикалық маңыздылығы

Зерттеу нәтижелері Жетісу облысында еңбек әлеуетін жоспарлау және өңірлік даму саясатын қалыптастыру барысында қолдануға болатын ғылыми-талдамалық негіз болып табылады. Ұсынылған интегралды геодемографиялық-еңбек индексі демографиялық және еңбек нарығы көрсеткіштерін кешенді түрде бағалауға мүмкіндік беріп, өңірлік әлеуметтік-экономикалық даму бағдарламаларын әзірлеу кезінде қолданылуы мүмкін (Жетісу облысы әкімдігі, 2023; Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі, 2023; OECD, 2021).

Зерттеу нәтижелері өңірлік басқару органдары үшін еңбек ресурстарын тиімді орналас-тыру, көші-қон саясатын жетілдіру, инфрақұ-рылымдық жобаларды жоспарлау және инве-стициялық басымдықтарды айқындау барысында практикалық маңызға ие. Сонымен қатар ұсынылған әдістемелік тәсіл Қазақстанның басқа өңірлерінде де геодемографиялық тұрақтылық пен еңбек әлеуетін бағалау үшін қолданылуы мүмкін (Burlakova, 2020; Greco et al., 2019; Нүсіпова және Қайырбеков, 2019).

Мүдделер қақтығысы

Авторлар мүдделер қақтығысының жоқ екенін мәлімдейді.

Авторлардың үлесі:

Тұжырымдаманы әзірлеу – Г.Н. Нүсіпова, А. Нұрболқызы; Әдіснама – Г.Н. Нүсіпова, А. Нұрболқызы; Формалды талдау – А. Нұр-болқызы; Зерттеу – А. Нұрболқызы; Деректерді жинау және өңдеу – А. Нұрболқызы; Нәтиже-лерді интерпретациялау – Г.Н. Нүсіпова, А. Нұр-болқызы; Мақаланың бастапқы нұсқасын жазу – А. Нұрболқызы; Қарау және редакциялау – Г.Н. Нүсіпова; Визуализация – Ә.Қ. Сарсем-баева; Ғылыми кеңес беру және нәтижелерді талқылау – Ш. Жумагулов, Г.К. Бидайбекова; Ғылыми жетекшілік – Г.Н. Нүсіпова; Жобаны басқару – Г.Н. Нүсіпова.

Әдебиеттер

- Ахметов К. Қазақстан өңірлерінің әлеуметтік-экономикалық дифференциациясы // ҚазҰУ хабаршысы. Экономика сериясы. – 2018. – № 1. – Б. 77–86. – DOI: <https://doi.org/10.26577/JEc.2018.v119.i1.08>
- Бурлакова Н.А. Композиттік индекстер в региональных исследованиях // Региональная экономика: теория и практика. – 2020. – Т. 18. – № 5. – С. 921–936. – DOI: <https://doi.org/10.24891/re.18.5.921>
- Жетісу облысы әкімдігі. Жетісу облысының 2023–2029 жылдарға арналған әлеуметтік-экономикалық даму бағдарламасы. – Талдықорған, 2023.
- Жолдасбаева Г., Төлеубаева Л. Жетісу облысының демографиялық дамуы // География және табиғатты пайдалану. – 2022. – № 1(68). – Б. 25–34.
- Зубаревич Н.В. Региональное развитие и демографические процессы // Региональные исследования. – 2019. – № 2. – С. 5–17.
- Медков В.М. Демография. – Москва: ИНФРА-М, 2014. – 432 с.
- Минакир П.А. Пространственная экономика и региональная политика // Пространственная экономика. – 2017. – № 3. – С. 7–22. – DOI: <https://doi.org/10.14530/se.2017.3.007-022>
- Нигматуллин Р.И. Демографические вызовы и рынок труда // Экономика региона. – 2018. – Т. 14. – № 3. – С. 879–892. – DOI: <https://doi.org/10.17059/2018-3-20>
- Нүсіпова Г.Н. Геодемографиялық даму теориясы. – Алматы: Қазақ университеті, 2013.
- Нүсіпова Г.Н. Геодемографиялық даму және өңірлік ерекшеліктер. – Алматы: Қазақ университеті, 2018.
- Нүсіпова Г.Н., Қайырбеков А. Қазақстан өңірлерінің демографиялық даму ерекшеліктері // ҚазҰУ хабаршысы. География сериясы. – 2019. – № 2(53). – Б. 4–13.
- Римашевская Н.М. Демография и социальное развитие. – Москва: Наука, 2009. – 256 с.
- Татаркин А.И. Пространственное развитие и человеческий капитал // Экономика региона. – 2016. – Т. 12. – № 1. – С. 10–25. – DOI: <https://doi.org/10.17059/2016-1-1>
- Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі. Халықты жұмыспен қамтуды дамыту тұжырымдамасы. – Астана, 2023.
- Қазақстан Республикасы Ұлттық статистика бюросы. Қазақстанның демографиялық жылнамасы 2025. – Астана, 2025.
- Қазақстан Республикасы Ұлттық статистика бюросы. Қазақстан Республикасының еңбек нарығы 2025. – Астана, 2025.
- Bandura R. A Survey of Composite Indices Measuring Country Performance. – New York: UNDP, 2008.
- Barca F., McCann P., Rodríguez-Pose A. The case for regional development intervention // Regional Studies. – 2012. – Vol. 46. – No. 1. – P. 134–152. – DOI: <https://doi.org/10.1080/00343404.2011.607423>
- Crescenzi R., Rodríguez-Pose A. Infrastructure and regional growth in the European Union // Journal of Economic Geography. – 2012. – Vol. 12. – No. 2. – P. 379–407. – DOI: <https://doi.org/10.1093/jeg/lbr033>
- Gale C., Singleton A., Bates A. Geodemographics and labour markets // Applied Spatial Analysis and Policy. – 2016. – Vol. 9. – P. 1–20. – DOI: <https://doi.org/10.1007/s12061-015-9153-4>
- Greco S., Ishizaka A., Tasiou M., Torrisi G. On the methodological foundations of composite indicators // Social Indicators Research. – 2019. – Vol. 141. – P. 61–94. – DOI: <https://doi.org/10.1007/s11205-017-1832-9>
- Iammarino S., Rodríguez-Pose A., Storper M. Regional inequality in Europe // Journal of Economic Geography. – 2019. – Vol. 19. – No. 2. – P. 273–298. – DOI: <https://doi.org/10.1093/jeg/lby021>
- International Labour Organization (ILO). World Employment and Social Outlook: Trends 2022. – Geneva, 2022.
- Lee E.S. A theory of migration // Demography. – 1966. – Vol. 3. – No. 1. – P. 47–57. – DOI: <https://doi.org/10.2307/2060063>

- Nicolini R., Pellegrini G., Beltrami F. Population ageing and regional economic growth // *European Economic Review*. – 2022. – Vol. 148. – DOI: <https://doi.org/10.1016/j.euroecorev.2022.104241>
- OECD. Handbook on Constructing Composite Indicators. – Paris, 2008. – DOI: <https://doi.org/10.1787/9789264043466-en>
- OECD. Regions and Cities at a Glance. – Paris, 2021.
- Rodríguez-Pose A. The revenge of the places that don't matter // *Cambridge Journal of Regions, Economy and Society*. – 2018. – Vol. 11. – No. 1. – P. 189–209. – DOI: <https://doi.org/10.1093/cjres/rsx024>
- Singleton A., Spielman S. The past, present and future of geodemographics // *Geography Compass*. – 2014. – Vol. 8. – No. 7. – P. 504–516. – DOI: <https://doi.org/10.1111/gec3.12148>
- United Nations Development Programme (UNDP). Human Development Report 2023/2024. – New York, 2023.

References

- Akhmetov K. Socio-economic differentiation of regions of Kazakhstan. *Vestnik KazNU. Economic Series*, 2018, no.1, pp.77–86. DOI: <https://doi.org/10.26577/JEc.2018.v119.i1.08>
- Bandura R. A Survey of Composite Indices Measuring Country Performance. New York: UNDP, 2008.
- Barca F., McCann P., Rodríguez-Pose A. The case for regional development intervention: place-based versus place-neutral approaches. *Regional Studies*, 2012, vol.46, no.1, pp.134–152. DOI: <https://doi.org/10.1080/00343404.2011.607423>
- Bureau of National Statistics of the Republic of Kazakhstan. Demographic Yearbook of Kazakhstan 2025. Astana, 2025a.
- Bureau of National Statistics of the Republic of Kazakhstan. Labour Market of the Republic of Kazakhstan 2025. Astana, 2025b.
- Burlakova N.A. Composite indices in regional studies. *Regional Economics: Theory and Practice*, 2020, vol.18, no.5, pp.921–936. DOI: <https://doi.org/10.24891/re.18.5.921>
- Crescenzi R., Rodríguez-Pose A. Infrastructure and regional growth in the European Union. *Journal of Economic Geography*, 2012, vol.12, no.2, pp.379–407. DOI: <https://doi.org/10.1093/jeg/lbr033>
- Gale C., Singleton A., Bates A. Geodemographics and labour markets. *Applied Spatial Analysis and Policy*, 2016, vol.9, pp.1–20. DOI: <https://doi.org/10.1007/s12061-015-9153-4>
- Greco S., Ishizaka A., Tasiou M., Torrisi G. On the methodological foundations of composite indicators. *Social Indicators Research*, 2019, vol.141, pp.61–94. DOI: <https://doi.org/10.1007/s11205-017-1832-9>
- Iammarino S., Rodríguez-Pose A., Storper M. Regional inequality in Europe. *Journal of Economic Geography*, 2019, vol.19, no.2, pp.273–298. DOI: <https://doi.org/10.1093/jeg/lby021>
- International Labour Organization (ILO). World Employment and Social Outlook: Trends 2022. Geneva, 2022.
- Lee E.S. A theory of migration. *Demography*, 1966, vol.3, no.1, pp.47–57. DOI: <https://doi.org/10.2307/2060063>
- Medkov V.M. Demography. Moscow: INFRA-M, 2014.
- Minakir P.A. Spatial economics and regional policy. *Spatial Economics*, 2017, no.3, pp.7–22. DOI: <https://doi.org/10.14530/se.2017.3.007-022>
- Ministry of Labour and Social Protection of Population of the Republic of Kazakhstan. Employment Development Concept. Astana, 2023.
- Nicolini R., Pellegrini G., Beltrami F. Population ageing and regional economic growth. *European Economic Review*, 2022, vol.148. DOI: <https://doi.org/10.1016/j.euroecorev.2022.104241>
- Nigmatullin R.I. Demographic challenges and labour market. *Economy of Region*, 2018, vol.14, no.3, pp.879–892. DOI: <https://doi.org/10.17059/2018-3-20>
- Nussupova G.N. Theory of Geodemographic Development. Almaty: Kazakh University, 2013.
- Nussupova G.N. Geodemographic Development and Regional Features. Almaty: Kazakh University, 2018.
- Nussupova G.N., Kairbekov A. Demographic features of regional development in Kazakhstan. *Vestnik KazNU. Geography Series*, 2019, no.2(53), pp.4–13.
- OECD. Handbook on Constructing Composite Indicators. Paris: OECD Publishing, 2008. DOI: <https://doi.org/10.1787/9789264043466-en>
- OECD. Regions and Cities at a Glance. Paris: OECD Publishing, 2021.
- Rimashevskaya N.M. Demography and Social Development. Moscow: Nauka, 2009.
- Rodríguez-Pose A. The revenge of the places that don't matter. *Cambridge Journal of Regions, Economy and Society*, 2018, vol.11, no.1, pp.189–209. DOI: <https://doi.org/10.1093/cjres/rsx024>
- Singleton A., Spielman S. The past, present and future of geodemographics. *Geography Compass*, 2014, vol.8, no.7, pp.504–516. DOI: <https://doi.org/10.1111/gec3.12148>
- Tatarkin A.I. Spatial development and human capital. *Economy of Region*, 2016, vol.12, no.1, pp.10–25. DOI: <https://doi.org/10.17059/2016-1-1>
- United Nations Development Programme (UNDP). Human Development Report 2023/2024. New York, 2023.
- Zholdasbaeva G., Toleubayeva L. Demographic development of Zhetysu region. *Geography and Nature Management*, 2022, no.1(68), pp.25–34.
- Zhetysu Region Akimat. Socio-economic development program of Zhetysu region for 2023–2029. Taldykorgan, 2023.

Авторлар туралы мәлімет:

Г.Н. Нүсіпова – әл-Фараби атындағы ҚазҰУ география, жерге орналастыру және кадастр кафедрасының профессоры, география ғылымдарының докторы (Алматы, Қазақстан, e-mail: gulnaran@mail.ru).

А. Нұрболқызы – әл-Фараби атындағы ҚазҰУ география, жерге орналастыру және кадастр кафедрасының «География» мамандығы бойынша докторанты (Алматы, Қазақстан, e-mail: aikenti1987@inbox.ru).

А.К. Сарсембаева – әл-Фараби атындағы ҚазҰУ география, жерге орналастыру және кадастр кафедрасының «География» мамандығы бойынша докторанты (Алматы, Қазақстан, e-mail: a.sarsembayeva.kz@gmail.com).

